

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**

**2023 жылғы 16 наурыз**

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе «2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Заң жобасы жөнінде.

Бұл мәселе бойынша Сенат отырысына Үкімет басшылығы мен мүшелері, Ұлттық Банктің Төрағасы, Президентке тікелей бағынатын мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордың басшылығы және Жоғары аудиторлық палатаның өкілі қатысып отыр.

Алдымен Ұлттық экономика мен Қаржы министрлігінің және Ұлттық Банк Төрағасының баяндамаларын тыңдап, содан кейін сұрақ қоюға көшсек. Әріптестер, қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса баяндамаларды тыңдайық.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамы туралы баяндама жасау үшін сөз Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушы Омарбеков Бауыржан Бақытұлына беріледі.

ОМАРБЕКОВ Б. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Қазақстан Республикасының Үкіметі 2023 – 2027 жылдарға арналған Әлеуметтік-экономикалық

даму болжамының шеңберінде 2023 жылға арналған бюджет параметрлерінің болжамын нақтылады.

Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалауы бойынша 2023 жылы әлемдік экономиканың өсуі 1,7 пайыз бен 2,9 пайыз арасында болжануда.

2023 жылға арналған Brent маркалы мұнайдың әлемдік бағасының консенсус-болжамы барреліне 87,3 АҚШ долларын құрайды. Жыл басынан бері орташа баға барреліне 84 АҚШ доллары деңгейінде қалыптасты.

Жедел деректерге сәйкес 2022 жылы жалпы ішкі өнімнің өсуі 3,2 пайызды құрады.

Салалық министрліктердің бағалауы бойынша 2023 жылы экономика секторларында бұрын мақұлданған мәндерде оң серпін күтілуде. Осыған байланысты 2022 жылғы жалпы ішкі өнім бойынша жедел деректерге, 2023 жылға арналған әлемдік экономиканың өсуіне және экспорттық тауарлардың бағалары бойынша жаңартылған болжамдарға сүйене отырып, елдің макроэкономикалық көрсеткіштері бұрын мақұлданған деңгейде сақталды. Яғни, жалпы ішкі өнімнің нақты өсуі 4 пайыз деңгейінде, мұнай бағасы – барреліне 85 АҚШ доллары, мұнай өндіру көлемі – 92,6 миллион тонна.

Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс, сауда және көлік салаларында да өсім болжамдары сақталды.

Экспорттың көлемі 80,9 миллиард АҚШ доллары, импорттың көлемі 45,7 миллиард АҚШ доллары деңгейінде.

Президенттің сайлауалды бағдарламасы мен қыркүйек айындағы Жолдауын қамтамасыз ету бойынша Үкімет алдына қойылған міндеттерді іске асыру үшін 2023 жылға арналған бюджет параметрлері нақтыланды. Осыған сәйкес 2023 жылы республикалық бюджеттің кірістері бекітілген жоспардан 720 миллиард теңгеге өсе отырып, жалпы ішкі өнімнің 12,1 пайыз немесе 14,6 триллион теңге деңгейінде болжануда.

Республикалық бюджетке қосымша түсімдер кіріс базасын ұлғайту, салықтық және кедендік әкімшілендіруді жақсарту, цифрландыру бойынша Үкімет қабылдап отырған шаралар есебінен қамтамасыз етіледі. Мәселен, ағымдағы жылы бюджет кірістерінің біржолғы түсімдері есебінен 316 миллиард теңгеге, салықтық және кедендік әкімшілендіруді жақсарту есебінен 404 миллиард теңгеге ұлғаяды деп күтілуде.

Сонымен қатар ұлттық деңгейдегі әлеуметтік маңызы бар жобаларды және стратегиялық маңызды инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру үшін Ұлттық қордан 800 миллиард теңге көлемінде нысаналы трансферт қосымша тартылатын болады.

2023 жылы бюджет тапшылығын 3,2 триллион теңге көлемінде немесе жалпы ішкі өнімнің 2,7 пайыз деңгейінде сақтау ұсынылады.

Осыны ескере отырып, республикалық бюджеттің шығыстары бекітілген көлемнен 1,5 триллион теңгеге ұлғайып, 22,5 триллион теңгені құрайды.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Жалпы, бюджет параметрлерінің нақтылау Мемлекет басшысының сайлауалды тұғырнамасы және Жолдауы шеңберіндегі тапсырмаларын іске асыруға бағытталған.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бауыржан Бакытұлы. Орныңызға отырыңыз.

Республикалық бюджет туралы заңға өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрі Жамаубаев Ерулан Кенжебекұлы беріледі.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға 2023 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау туралы заң жобасы ұсынылып отыр.

Биылғы республикалық бюджеттің параметрлері келесідей қалыптасты.

Бюджет түсімдері 1,5 триллион теңгеге ұлғая отырып, 19,3 триллион теңге көлемінде қалыптасты.

Тапшылық жалпы ішкі өнімге 2,7 пайыз деңгейінде сақталды.

Республикалық бюджеттің шығыстары 22,5 триллион теңге көлемінде жоспарланып отыр.

Жалпы шығыстардың қосымша ұлғаюы 2,2 триллион теңгені құрады және келесі басым бағыттарды қамтиды.

Бірінші. Мемлекет басшысының Жолдауы мен сайлауалды бағдарламасы шеңберінде айтылған бастамаларды, сондай-ақ өңірлерге жұмыс сапарлары кезінде берілген тапсырмаларды іске асыруға қосымша 2 триллион теңге бөлінетін болады.

Бұл өңірлерді қолдауға, ауыл шаруашылығын, көлік инфрақұрылымын және өңдеуші өнеркәсіпті одан әрі дамытуға, сондай-ақ әлеуметтік саланың жекелеген бағыттарына көзделген шығыстар.

Сондай-ақ бұл бағыт аясында:

жылумен жабдықтау жүйелерін салу және реконструкциялау, электр энергетикасын дамытуға 144 миллиард теңге;

қорғаныс және азаматтық қорғауды қамтамасыз ету, оның ішінде өртке қарсы қызмет қызметкерлерінің жалақысын көтеруге, азаматтық қорғау органдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға 126 миллиард теңге;

тұрғын үй сатып алу үшін қарыздар мен тұрғын үй жинақ салымдары бойынша сыйлықақылар беруге 92 миллиард теңге көзделеді.

Екінші. Басқа да бірқатар маңызды міндеттемелерді іске асыруға 186 миллиард теңге бағытталатын болады.

Бюджетті қайта қарау нәтижесінде экономиканың нақты секторы мен өңірлерді қолдауға ерекше мән беріліп отыр.

Бұны шығыстардың құрылымының өзгеруінен байқауға болады.

Атап айтсақ, экономиканың нақты секторын қолдауға қосымша 1,3 триллион теңге көзделген. Тиісінше, шығыстардың жалпы көлеміндегі бұл бағыттың үлесі 5,3 пайызға артып отыр.

Нәтижесінде аталған салаға арналған шығыстар 3,5 триллион теңге немесе жалпы шығыстардың 15,6 пайыз мөлшерінде жоспарланып отыр.

Бұл орта мерзімде елдің дамуына оң мультипликативтік әсер ететін болады.

Әлеуметтік саланың шығыстары 298 миллиард теңгеге ұлғайтылды және 8,5 триллион теңге немесе бюджеттің жалпы шығыстарының 37,5 пайызын құрады.

Бұл қаражаттар «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыруға, мектепке дейінгі білім беру мекемелері педагогтерінің жалақысын көтеруге және колледж студенттердің стипендияларын ұлғайтуға, әлеуметтік төлемдердің, жәрдемақылардың мөлшерлерін арттыруға, денсаулық сақтау жүйесін одан әрі дамытуға бағытталатын болады.

Күш құрылымы шығыстары 317 миллиард теңгеге өсіп, 2,5 триллион теңге көлемінде жоспарланған.

Нақтылау кезінде ағымдағы жылы өңірлерге республикалық бюджеттен 7,2 триллион теңге немесе бюджеттің жалпы шығыстарының 32 пайызы бағытталады.

Құрметті депутаттар! Заң жобасы жұмыс топтары мен комитеттер отырыстарында егжей-тегжейлі талқыланып қаралды.

Заң жобасын қарау кезінде бірлесіп жүргізген нәтижелі жұмыстарыңыз үшін сіздерге алғыс білдіремін.

Заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ерұлан Кенжебекұлы. Орныңызға отырыңыз.

Ақша-кредит саясаты туралы баяндама жасау үшін сөз Ұлттық Банктің Төрағасы Пірматов Ғалымжан Олжаұлына беріледі.

ПІРМАТОВ Ғ.О. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Жүргізіліп отырған ақша-кредит саясаты, экономиканың дамуының сыртқы және ішкі жағдайлары туралы баяндауға рұқсат етіңіздер.

Бірінші. Әлемдегі және Қазақстандағы іскерлік белсенділік.

Осы жылдың басында әлемдік экономикалық белсенділік жақсарды. Іскерлік белсенділіктің жаһандық индексі алты ай төмендеген соң қаңтардағы 49,8-ден ақпанда 52,1-ге дейін өсті. Қытай экономикасының ашылуына байланысты сұраныстың артуы, рецессиялық тәуекелдердің төмендеуі, логистикалық маршруттардың жақсаруына қарай баға қысымының әлсіреуі байқалуда.

Қазақстанда сегіз ай қатарынан теріс аймақта болған іскерлік белсенділік жағдайы да жақсара бастады. 2023 жылғы қаңтар айында іскерлік белсенділік индексі өсу аймағына өтіп, 50,7-ні құрады. Ақпан айында индикатор 50-ді құрап, өзгерістердің болмағанын көрсетті. Барлық секторларда тауар жеткізу мерзімдерінің ұзақтығы іскерлік белсенділікті тежейтін фактор болып тұр.

Екінші. Инфляция мен ақша-кредит саясаты.

Қазақстанда инфляцияның айлық динамикасы 2022 жылғы наурыз айындағы ең жоғары мәннен төмендеуіне қарамастан, соңғы бес жыл ішіндегі орташа жылдық мәннен жоғары қалыптасуда.

Инфляция біздің күтулерімізге сәйкес қалыптасуда. Ақпан айындағы инфляцияның жылдық мәні 21,3 пайызға жетті. Бұдан әрі біздің жаңартылған болжамдарымызға сәйкес ағымдағы жылдың соңына дейін инфляцияның 9-12 пайызға дейін баяулауы күтілуде. Оған қазіргі кездегі ақша-кредит саясаты, сыртқы инфляциялық ортаның төмендеуі және жаңа логистикалық жеткізу жолдарының ретке келтірілуі әсер етуде.

Бірқатар тәуекел факторлар инфляцияның жоғары траекториясына әкелуі мүмкін. Олар – тауар нарықтарындағы дисбаланстар мен сауда әріптес елдердегі инфляцияның жылдамдауы. Ішкі сұранысты фискалдық ынталандырудың өсуі де инфляция тәуекелдерінің бір факторы болып табылады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығындағы уақыты келген реформаларды жүзеге асырған жағдайда реттелетін бағалар мен жанар-жағармай бағаларының болашақта өсу ықтималдығы Ұлттық Банктің болжамында ескерілмегенін атап өткен жөн.

Ұлттық Банк инфляцияны төмендету үшін инфляциялық таргеттеу және еркін өзгермелі айырбастау бағамы режимінде дезинфляциялық ақша-кредит саясатын жалғастырады.

Ақша-кредит саясатының тиімділігін арттыру үшін өткен жылдың ортасынан бастап Ұлттық Банк инфляцияның қолданыстағы нысаналы мәндерінің ішкі және сыртқы экономикада қалыптасып жатқан жағдайларға сәйкестігін бағалау жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Биылғы жылғы 25 сәуірде Ұлттық Банк «Ақша-кредит саясатының стратегиялық мәселелері. Жаңа экономикалық жағдайдың сын-қатерлері» тақырыбында ғылыми-практикалық конференция өткізеді. Конференцияда Ұлттық Банктің, халықаралық ұйымдардың және академиялық қоғамдастықтың Қазақстан Республикасындағы ақша-кредит саясаты мәселелері жөніндегі зерттеулерінің нәтижелері талқыланатын болады.

Үшінші. Төлем балансы.

2022 жылдың алдын ала қорытындысы бойынша, төлем балансының ағымдағы шоты соңғы 8 жылда алғаш рет профициттік аймаққа өтіп, 6,3 миллиард долларды құрады. Профицит мұнай, металл, газ, көмір, уран және астық сияқты шикізат бағаларының өсуімен қамтамасыз етілді.

Ұлттық Банктің бағалауы бойынша, төлем балансының ағымдағы шоты профицит аймағынан орта мерзімді перспективада дефицит аймағына ауысатын болады. Ағымдағы шоттың оң сальдосының қысқаруы шикізаттың жоғары бағасының бәсеңдеуіне және импортқа деген сұраныстың өсуіне байланысты.

Базалық сценарий кезінде мұнай өндіру көлемін ұлғайту арқылы тауарлар экспортының деңгейі сақталатын болады. Ал тауарлар импорты одан әрі өсіп, біздің болжамымыз бойынша, ең жоғары тарихи көрсеткіштен асып түседі. Импорттың өсіп келе жатқан деңгейі халық пен бизнестің арта түскен сұранысын қанағаттандыру үшін Қазақстандағы өндірістің жеткіліксіз болуына, мемлекеттік бастамалар мен экономиканы қолдау бағдарламаларының іске асырылуына байланысты болады.

Құрметті депутаттар! Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесіп макроэкономикалық тұрақтылықты ету және инфляциялық қысымды төмендету үшін жұмысты бірге жалғастырады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ғалымжан Олжаұлы. Орныңызға отырыңыз.

Әріптестер, енді сұрақ қою рәсіміне көшейік.

Сөз депутат Өтешов Серік Балғатайұлына беріледі.

ӨТЕШОВ С.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қаржы министрлігіне.

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес 2022 жылы өткен жылмен салыстырғанда құрылыс бағасының өсуі 3,4 пайызды, басқа жұмыстар мен құрылыс шығындарының бағасының өсуі 7,7 пайызды құрады.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мәліметіне сәйкес бүгінгі күні бюджет қаражаты есебінен қаржыландыратын 200-ден астам нысанда құрылыс жұмыстарының мерзімі ұзартылды. Ұзартудың себептерінің бірі құрылыс құнының қымбаттауы болып табылады.

Осы саладағы бағаның өсуі кеше туындаған жоқ және бұл мәселе барған сайын күшейе түсуде.

Бюджет кодексінің 46-бабының 7-тармағына сәйкес жоғары тұрған бюджеттен нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатын жергілікті бюджеттік инвестициялардың сметалық құнын ұлғайтуға байланысты шығыстар тиісті жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Құрылыс материалдары мен жұмыс күші бағасының тез өсуі жергілікті жерлерде әлеуметтік маңызы бар нысандардың құрылысын уақытылы орындауға кедергі келтіріп тұр. Атап айтқанда, құнның ең жоғары өсуі жылу және су құбырлары желілерін салу мен қайта құрудың стратегиялық маңызды жобалары бойынша орын алды.

Осыған байланысты менің сұрақтарым бар.

Бірінші. Үкімет туындаған жағдайды қалай шешуді жоспарлап отыр?

Екінші. Қазіргі уақытта Үкімет әзірлеп жатқан жаңа Бюджет кодексінде жергілікті және республикалық бюджеттен әлеуметтік маңызы бар объектілерді салу жөніндегі жобалардың қымбаттауын қоса қаржыландыру мүмкіндігін көздеуге бола ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ерулан Кенжебекұлы, жауап беріңіз.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Құрметті Серік Балғатайұлы, орынды сұрақ көтеріп отырсыз.

Мәселе бүгін ғана туындаған жоқ. Оның себебі жобалық-сметалық құжаттамалардың құнының өсуінде. Ол инфляциялық процестерге және объектілердің жылдар бойы салынуына байланысты. Біз бұл мәселені білеміз. Қазір сараптау жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Өзіңіз айтып отырған 230 объекті ол бүгінгі таңда анықталғаны.

Оны шешу жолдары қандай?

Біріншіден, біз былтыр жалпы сипаттағы трансферттер бойынша заң қабылдаған кезде өңірлерге ескірген инфрақұрылымдарын жаңартуға, жол салуға біраз қаражат бергенбіз.

Екіншіден, біз жаңа Бюджет кодексін әзірлеу кезінде өңірлердің ауыртпалығын азайту үшін осындай ірі көлемдегі жобаларды республикалық бюджеттен қаржыландыру мүмкіндіктерін қарастыратын боламыз.

Бұл опцияны біз қазірдің өзінде жүзеге асырып жатырмыз. Өздеріңіз білесіздер, Президенттің тапсырмасы бойынша өңірлерде оқушыларға арналған 100 орталық салыну

керек еді. Құны өте жоғары болғандықтан біз оларды да республикалық бюджеттен қаржыландыруды жөн санап отырмыз.

Жобалардың қымбаттауы конкурстық процедуралардың ұзақ жүргізілуіне де байланысты болып отыр. Сондықтан біз мемлекеттік сатып алу туралы жаңа заң жобасын әзірлеп жатырмыз. Онда процедураларды неғұрлым жеңілдетіп, жергілікті жерде жұмыс істейтін компаниялардың ұтып алуына мүмкіндік жасайтын жағдайларды да қарастырамыз. Өздеріңіз білесіздер, ешқандай материалдық базасы жоқ басқа өңірлерден келген компаниялар құрылысты бастап алып аяқтамайды, соңында іс аяқсыз қалып жатқан фактілер көп кездеседі.

Президенттің тапсырмасы бойынша сыбайлас жемқорлық әрекеттерді әшкерелеуден түскен қаражатқа біз бюджеттің аясында арнайы қор құрдық. Ол қорда қазір 120 миллиард көлемінде қаражат бар. Біз үш ауысымды мектептердің мәселесін шешуге, жөндеуі аяқталмай қалған мектептердің жұмысын аяқтауға сол қаражаттан жұмсаймыз. Бұл жергілікті бюджеттің жүктемесін азайтып, республикалық бюджеттен қаржыландыруға мүмкіндік береді және жергілікті бюджет өзінің тарапынан сол қаражатты бөлуге мүмкіндік алады.

Сонымен қатар сырттан капиталды тартуға байланысты заң жобасы әзірленіп жатыр. Бұл сырттан келетін қаражат арнайы шотта шоғырландырылып, соның есебінен маңызы бар әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымдарды салуға жұмсалатын болады. Қомақты қаражат келіп түссе, әрине, ол ең алдымен өңірлердегі мәселелерді шешуге жұмсалатын болады.

Жалпы, өңірлердің кіріс көзін арттыруға үлкен жұмыстар істедік, биылдың өзінде нәтижесі көрініп отыр. Жылдың басынан бері өңірлердің жеке кіріс көздері 135 пайызға орындалып отыр, яғни жергілікті жердің бюджеттерінің кіріс көздері қазір жақсы дамып келеді. Салық төлеуде шағын және орта бизнес үшін үш жыл мораторий болған, биылдан бастап мораторий тоқтатылып, салық төлеу процесі жүріп жатыр. Сондықтан бұл мәселені біз кешенді шешіп жатырмыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Кузиев Закиржан Пирмухамедовичке беріледі.

КУЗИЕВ З.П. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ауыл шаруашылығы министрлігінің өкіліне.

Осы жылдан бастап микрокредиттеу есебінен ауыл шаруашылығы кооперациясын белсенді дамыту арқылы ауыл халқының табысын арттыру жөніндегі «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру басталды.

Биыл бекітілген бюджетте 52,4 миллиард теңге қарастырылған. Бұл шамамен 11 мың жеңілдетілген несие беруге мүмкіндік береді. Республикалық бюджетті нақтылау аясында жобаны қаржыландыру 100 миллиард теңгеге дейін жеткізілетін болады.

Жалпы, біз аталған бастаманы қолдаймыз. Алайда 2017 жылғы жағдай қайталануы әбден мүмкін. Ол кезде агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес бүкіл ел бойынша кредиттер мен субсидия алу үшін

кооперативтер формалды түрде құрыла басталды. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы кооперативтерінің 60 пайызы жалған, ал несиелер қайтарылмады.

Осыған орай менің сұрағым бар.

Бірінші. Мемлекеттік қолдау алу үшін жалған кооперативтер құруды қалай бақылауды жоспарлап отырсыздар? Және әкімдік индикативтерді орындау мақсатында халықты кооператив құруға мәжбүрлемей ме?

Екінші. Бұл жобаны іске асыру жеке қосалқы шаруашылықтарда мал басын бірнеше есе арттыруды көздейді. Осыған байланысты жайылым тапшылығы жағдайында аталған мәселені қалай шешу жоспарланады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ербол Шырақпайұлы, екі сұрақ, жауап беріңіз.

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. Құрметті Закиржан Пирмухамедович, сұрақтарыңызға рақмет.

«Ауыл аманаты» бағдарламасын іске асыру шеңберінде жеке қосалқы шаруашылықтар 8,6 миллион теңге несие ала алады. Егер кооперативке ұйымдасатын болса, несие көлемі 27,6 миллионға дейін өседі.

Біріншіден, біз жергілікті әкімшіліктерге бағдарламаны іске асыру шеңберінде ешқандай индикатив қоймаймыз. Несиеге сұраныс көп болса, несиені жеке қосалқы шаруашылықтарға тарататын боламыз.

Екіншіден, бюджеттік заңнаманың негізінде несиені мақсатты түрде пайдалану жергілікті әкімшіліктің жауапкершілігі болып табылады. Сондықтан біздің министрлік «АМАНАТ» партиясымен бірге жобалық кеңсе құрды. Жобалық кеңстің басты мақсаты – несиені мақсатты пайдалануды қадағалау және оның тиімділігін бақылау. Сондықтан ол жағынан бақылау болады.

Жер мәселесі бойынша айта кетейін. Былтыр тиімді пайдаланылмаған 5,6 миллион гектар жер қайтарылды. Биыл 5 миллион гектар жерді қайтаруды жоспарлап отырмыз. Оның 90-95 пайызы жайылым жерлерге жатады. Ол жер, біріншіден, ауыл тұрғындарына, яғни ауыл малын жаюға, екіншіден, құрылатын кооперативтерге берілетін болады. Біз жасанды кооперативтер құрылмауын қадағалап отырамыз. Ондай проблема туындамайды деп ойлаймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Орынбасаров Бекбол Тілеумұратұлына беріледі.

ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован представителям Министерства национальной экономики и Национального Банка.

Республиканский бюджет из Национального фонда получает средства в виде гарантированного и целевого трансфертов. На сегодняшний день использование средств гарантированного трансферта из Национального фонда строго регламентировано контрциклическими бюджетными правилами, что не позволяет превышать установленных пределов.



Вместе с тем остается один источник – целевой трансферт из Национального фонда, критерии использования которого определены общими, обтекаемыми словами в Концепции управления государственными финансами. В соответствии с такими критериями, как финансирование антикризисных программ и реализация социально значимых проектов национального масштаба, можно финансировать любые мало-мальски подходящие проекты, что мы и видим в нынешнем уточнении бюджета, в котором к 1 триллиону тенге дополнительно привлечено 800 миллиардов тенге.

С 2024 года в Казахстане запустят проект «Национальный фонд – детям», который предусматривает отчисление 50 процентов от ежегодного инвестиционного дохода. Однако текущая ситуация с отрицательными показателями инвестиционного дохода Национального фонда, а также с нерациональным использованием средств Национального фонда вызывает серьезные опасения.

В связи с чем у меня два вопроса.

1. Когда будут определены четкие критерии использования целевого трансферта и строго регламентированы условия использования с точки зрения бережливости и эффективности расходования?

2. Какая работа проводится для увеличения инвестиционного дохода Национального фонда для существенного увеличения сумм на счетах детей в будущем? Рақмет.

ТӨРАҒА. Бауыржан Бақытұлы, алдымен сіз жауап беріңіз.

ОМАРБЕКОВ Б.Б. Рақмет, Бекбол Тілеумұратұлы.

Что касается критериев использования целевых трансфертов, то такие критерии есть, они утверждены, как Вы сказали, Концепцией управления государственными финансами до 2030 года, которая утверждена Указом Главы государства в ноябре прошлого года. Целевой трансферт направляется только по поручению Президента и только на реализацию критических инфраструктурных проектов и проектов общестранового масштаба. Запрещается направлять целевые трансферты на покрытие текущих расходов.

Как вы знаете, на сегодня министерством по поручению Президента разрабатывается новый Бюджетный кодекс, в нем будут отражены данные критерии. Дополнительно нами прорабатываются новые условия использования целевых трансфертов. Все вместе будет направлено на усиление сберегательной функции Национального фонда.

Что касается эффективности. В целом меры по эффективному управлению Национальным фондом также отражены в Концепции управления государственными финансами. Правительством принимаются меры по поддержке фискальной устойчивости. Для повышения эффективности и экономической отдачи бюджетных средств предусмотрен механизм, во-первых, по оценке эффективности расходов бюджетных инвестиций, во-вторых, по оценке эффективности расходов на экономический рост.

Для этих целей разработана необходимая методика, и она используется на стадии планирования. Заключение этой методики будет являться основанием для финансирования того или иного проекта. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Ғалымжан Олжаұлы, жауап беріңіз.

ПІРМАТОВ Ғ.О. Рақмет сұрағыңызға.

Национальный Банк постоянно проводит работу по улучшению эффективности управления и доходности Национального фонда. Ранее Национальный фонд вкладывался достаточно консервативно, то есть 80 процентов в облигации развитых стран и только 20 процентов в акции. На конец 2022 года мы перешли к более сбалансированному распределению средств. По итогам 2022 года сберегательный портфель Национального фонда вложен в государственные облигации развивающихся стран – 21 процент, корпоративные облигации – 10 процентов, государственные облигации развитых стран – 34 процента, акции развитых стран – 30 процентов, золото – 5 процентов. Это соответствует более взвешенному подходу и позволит получить доходность выше, чем до этого.

Обращаем ваше внимание, что абсолютная цифра, которая будет распределяться из Национального фонда детям, зависит в большей степени от суммы активов Национального фонда, поэтому критически важным является пополнение Национального фонда и дисциплинированное использование его средств в соответствии контрциклическими бюджетными правилами. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

В целом наши коллеги поднимают очень важный вопрос об использовании средств Национального фонда.

В целом, конечно, мы поддерживаем, какие-то базовые инфраструктурные и иные стратегические расходы должны финансироваться из Национального фонда, но одновременно мы должны выполнять поручение Главы государства по доведению Национального фонда до 100 миллиардов долларов США.

Сейчас мы видим тенденцию уменьшения средств Национального фонда. За последние восемь лет средства Национального фонда уменьшились с 73 миллиардов до 57 миллиардов долларов США. То есть мы видим тенденцию на уменьшение, хотя, может быть, один или два года есть стабилизация. В то же время задача-то стоит на увеличение до 100 миллиардов долларов США. То есть у нас задача – максимально увеличивать Национальный фонд, как сказал Председатель Национального Банка, и через это увеличивать те средства, которые выделяются детям.

В этой связи, Ерулан Кенжебекович, коллеги, в целом нам всем нужна, видимо, финансовая дисциплина в предстоящий период. Сейчас придут новые депутаты, новые партии в Мажилис с новой повесткой, будут просить деньги. Понятно, что у них свои задачи, они должны избирателям показать свою работу. Но сегодня достаточно непросто с

точки зрения использования средств Национального фонда и в целом развития экономики, поэтому мы все должны приходить к финансовой дисциплине.

Буквально одна цифра. У нас за последние пять лет доходы республиканского бюджета (ненефтяные) увеличились на 66 процентов. Вроде бы динамика хорошая, за пять лет 66 процентов, это доходы. Тем временем расходы за этот же период увеличились на 120 процентов. То есть у нас двукратное опережение роста расходов, нежели доходов. В этой связи понятно и логично, что Правительство берет эти деньги или из Национального фонда, или за счет увеличения дефицита бюджета. В этом уточнении мы видим, что дефицит бюджета остался на прежнем уровне, значит, из Национального фонда, других-то источников нет, или надо увеличивать налоговую базу.

В этой связи основной месседж в том, что нам всем нужно, видимо, приходить к финансовой дисциплине, тратить средства Национального фонда только на какие-то стратегические расходы, в целом иметь реалистичную стратегию увеличения активов Национального фонда, как эти активы увеличивать, за счет чего увеличивать. А как их увеличивать, если мы по 4 триллиона тенге будем брать? Вопрос-то логичный и достаточно простой. И на этот вопрос депутаты хотят видеть осмысленную стратегию увеличения активов Национального фонда, а не стратегию использования средств Национального фонда. Это немного разные вещи.

Поэтому, коллеги, надеемся, что в этом направлении будем совместно работать и показывать результаты нашим гражданам.

Құрметті әріптестер, келесі өз депутат Арубаев Сәкен Қаланұлына беріледі.

АРУБАЕВ С.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Болатқызына.

Оңтүстік өңірлердегі тозығы жеткен ирригациялық және дренаждық жүйелерді жақсарту мен жаңғырту мақсатында Үкімет 2014 жылы «Суару мен дренаж жүйелерін жетілдіру, реконструкциялау және дамыту жобасы» аясында Халықаралық қайта құру және даму банкпен жалпы құны 106,9 миллиард теңгеге келісім жасап қол қойған болатын. Оның ішінде несие үлесі 32,1 миллиард теңге болса, республикалық бюджеттен қосымша қаржыландыру 74,8 миллиард теңгені құраған. Келісімге сәйкес жоба 2021 жылы аяқталуға тиіс болатын. Алайда республикалық бюджеттен қаражаттың жүйелі түрде толық бөлінбеуінен жобаның аяқталу мерзімі екі жылға, яғни 2023 жылдың соңына дейін ұзартылған. Ал қазір қаралып отырған бюджетте сұралған 20,3 миллиард теңгенің үштен бірі ғана қолдау тауып, қалған 13 миллиард қаржыны 2024 жылы бөлу жоспарланып отыр.

Бұл жерде белгіленген қарыз шартының орындалу мерзімі бұзылып отыр.

Сонымен қатар 2021 жылдың 15 желтоқсанынан бастап негізгі қарызды өтеу мерзімі қазір басталып отыр.

Осыған байланысты келесі сұрақтар туындап отыр.

Жобаны іске асырудың ағымдағы жағдайы қандай? Құрылыс-монтаж жұмыстарының тоқтап қалу тәуекелдері ескерілді ме? Және несиелік қызмет көрсету мерзімін ұзарту, жоба құнының өсуіне әкелуі мүмкін бе? Аталған жағдай инвесторлар мен

халықаралық қаржы ұйымдарының алдында оң несиелік тарихы бар адал қарыз алушы ретінде Қазақстан Республикасына деген сеніміне күмән келтірмей ме? Рақмет.

ТӨРАҒА. Зүлфия Болатқызы, жауап беріңіз.

СҮЛЕЙМЕНОВА З.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Сәкен Қаланұлы, сұрағыңызға рақмет.

Осы жоба байынша жұмыстар 2015 жылы басталған болатын. Техникалық-экономикалық негіздемеге сәйкес жүзеге асырылып келе жатыр. 2022 – 2021 жылдары болған карантиндік іс-шараларға байланысты жұмыстар бәсеңдеген болатын, бірақ қазіргі таңда жұмыс қайтадан жандандырылды.

Үстіміздегі жылдың 1 наурызындағы көрсеткіш бойынша ол 83 пайыз игерілген және ол жұмыстарды ары қарай жалғастыру жоспарланған. Осы жобалар министрліктің қатаң бақылауында.

Сонымен қатар осы жобаны жүзеге асыру Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық қаржы ұйымдарының қағидалары мен ережелеріне сәйкес жүзеге асырылып келе жатыр. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Бұқтұғұтов Шәкәрім Сабырұлына беріледі.

БҰҚТҰҒҰТОВ Ш.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Жоғары аудиторлық палатаның және Қаржы министрлігінің өкілдеріне.

Ағымдағы жылдың басындағы жағдай бойынша сыртқы қарыз сомасы 7,8 триллион теңге, оның ішінде бестен бір бөлігі немесе 21 пайызы Халықаралық қайта құру және даму банк қарызы, Азия даму банк қарызының үлесі 6 пайыз (908 миллиард теңге), Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банк қарызының үлесі 4 пайыз (326 миллиард теңге).

Сонымен қатар бізде ішкі қаржыландыру көздері бар – зейнетақы қорында шамамен 15 триллион теңге, екінші деңгейдегі банктерде 14 триллион теңге.

Вместе с тем следует отметить, что в настоящее время в 1,5 раза отмечается рост расходов на погашение и обслуживание займов, которые уже в 2023 году составят 20,5 процента от общего объема расходов.

Так, если на 1 января прошлого года размер всего государственного долга составлял 21,9 триллиона тенге, то уже на 1 января нынешнего года сумма государственного долга возросла до 25,3 триллиона тенге, или на 15 процентов. По прогнозам Счетного комитета, к 2050 году увеличение государственного долга может достичь 45 процентов к ВВП Республики Казахстан.

В этой связи у меня первый вопрос к Высшей аудиторской палате Республики Казахстан: проводился ли полномасштабный аудит по внешним займам республики? Если проводился, то какие ваши выводы и рекомендации? Какова экономическая эффективность вложенных средств международных организаций?

Второй вопрос к Министерству финансов: какие имеются резервы для снижения объемов государственного долга? Рақмет.

ТӨРАҒА. Энгель Юлия Федоровна, прошу ответить.

ЭНГЕЛЬ Ю.Ф. Спасибо за вопрос.

Действительно, управление и формирование государственного долга являются основным приоритетом в деятельности Высшей аудиторской палаты. Мы ежегодно вам представляем анализ ситуации с государственным долгом. В апреле текущего года мы планируем провести комплексный аудит государственного долга и долга квазигосударственного сектора по рекомендациям депутатов Сената.

Что касается наших предыдущих аудитов. Мы проводили комплексный аудит и доложили о нем в 2019 году. Основные замечания касались методологии и учета государственного долга, отсутствия консолидированного учета и непрозрачности формирования ковенантов в этом направлении.

Что было сделано по нашим рекомендациям? Были установлены порядок и объемы лимитов формирования внешнего и внутреннего долга квазигосударственного сектора, лимиты местных исполнительных органов, был налажен постоянный мониторинг заимствований квазигосударственного сектора и местных исполнительных органов, также был смещен акцент с внешнего заимствования на внутренний, что позволило нам минимизировать валютные риски.

Правительством в прошлом году впервые разработан документ государственной финансовой устойчивости, где они проанализировали нагрузку на государственный бюджет по обслуживанию и возмещению государственного долга, указали предполагаемые источники его финансирования. Это очень существенный шаг, что дает нам возможность прогнозировать устойчивость государства на долгосрочную перспективу.

К сожалению, сейчас сохранились риски, связанные с операционным освоением средств внешнего заимствования.

Первое. Буквально в прошлом году мы проводили анализ действующих на тот момент 12 проектов по внешним займам. Мы видели, что есть тенденция аннулирования отдельной части сумм. Это говорит о том, что внешние займы были привлечены либо на неостребованные цели, либо было преждевременное заимствование. Мы видим низкий процент освоения средств внешних займов, что приводит к неоднократному продлению контрактов.

В принципе, все наши выкладки, которые мы даем, Правительство воспринимает, соответствующую работу совместно мы проводим. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Ерұлан Кенжебекұлы, жауап беріңіз.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы! Құрметті депутаттар! Әрине, мемлекеттік қарыз мәселесі бұл Үкіметтің негізгі көкейкесті мәселелерінің бірі, ол біздің бақылауымызда.

Бұл мәселенің қазір көтеріліп отыру себебіне келсек, өздеріңіз білесіздер, қазір дүние жүзінде инфляцияның деңгейі өте жоғары, сондықтан базалық ставка да барлық жерде өте жоғары. Яғни қазір сырттан қарыз алу немесе бюджеттің тапшылығын қаржыландыру үшін іштен қарыз алу бюджет үшін өте қымбат болып отыр. Әрине, инфляция төмендегеннен кейін, ставка төмендегеннен кейін бұл жүктеме біршама азаятын болады. Бұл біріншіден.

Екіншіден, резерв. Қандай резервіміз бар? Біз бюджет тапшылығын бірте-бірте азайтуымыз керек. Биылға біз 2,7 пайыз көлемінде қалдырдық, себебі оны өсіруге болмайтын болды. Қазірдің өзінде бюджет тапшылығы 2,7 пайыз (бұл 3,2 триллион теңге). Оған қызмет көрсету үшін, яғни алдындағы қарыздарды жабу үшін және осы дефицитті қаржыландыру үшін 5,7 триллион теңге қаражат тартуымыз керек. Бұл тапшылықты бірте-бірте азайтатын боламыз.

Мәулен Сағатханұлы, дұрыс айтасыз, негізгі табыс көзі – бюджет кірістері. Бұл жерде, әрине, бұрынғы трендтермен салыстырмай-ақ қояйық, былтыр біз жеке табысымызды 40 пайызға көтердік. Биылғы нақтылаудан кейін бюджеттің кіріс көзі тағы 42 пайызға өсетін болады. Бұл жерде тек салықтық және кедендік әкімшілендіру есебінен 720 миллиард теңге қосымша қарастырып отырмыз. Яғни, 4 триллионнан астам қаражат тек бюджеттің кіріс көзінен түсетін болады. Әрине, біз бұл үрдісті жалғастырамыз. Негізінен ол көлеңкелі экономиканы төмендетуден және салықтық, кедендік әкімшілендіруді жақсартудан.

Біз жаңа Салық кодексінің жобасын қарастырып жатырмыз. Негізі екі салық түрі бар – корпоративтік табыс салығы және қосылған құн салығы. Осыны диверсификациялауды, яғни бюджетке қосымша қаражаттардың түсу мәселесін қарастырып жатырмыз. Әрине, қазір біз сыртқы нарықтан гөрі ішкі нарықтан қаражат тартып жатырмыз. Біздің жинақтау қорымыздың, басқа да қорларымыздың қаржысы бюджет тапшылығын қаржыландыруға көп көмегін тигізіп жатыр.

Әрине, осы стратегияны жалғастырамыз. Ұлттық Банкпен бірге білесіп істейтін жұмыстар көп. Жаңа жоспарлы көрсеткіштер айтылып кетті. Дегенмен біз мемлекеттік қарыз жалпы ішкі өнімге шаққанда 32 пайыздан аспайды деп жоспарлап отырмыз. Негізі тапшылықты қамтамасыз етуге кететін мемлекет шығыстарының жалпы қаражаты 10 пайыздан аспайды деген болжамымыз бар. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нұрмұхамбетов Ғауез Торсанұлына беріледі.

НҰРМҰХАМБЕТОВ Ғ.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Скляр Роман Васильевичке.

Уважаемый Роман Васильевич! В уточненном бюджете предусматриваются дополнительные расходы в сумме 69,4 миллиарда тенге на реализацию 47 проектов по

строительству и реконструкции сетей теплоснабжения с показателем по износу от 75 до 100 процентов, которые находятся в аварийном и предаварийном состоянии.

Стоит отметить, что поддержанная сумма не способствует значительному снижению имеющегося уровня износа сетей теплоснабжения в целом по стране, который снизится всего лишь на 1 процент – с 51 процента до 50 процентов.

Кроме того, на развитие тепло- и электроэнергетики для обеспечения бесперебойного теплоснабжения и электроснабжения в четырех регионах (город Астана, Атырауская, Западно-Казахстанская и Костанайская области) запланировано дополнительно 74,3 миллиарда тенге.

Высокий износ систем тепло-, энергоснабжения может существенно обостриться уже в самое ближайшее время, если своевременно не будут приняты меры по решению данного вопроса. Это показали произошедшие аварии на ТЭЦ в городах Экибастузе, Риддере и затяжное устранение их последствий.

В связи с вышеизложенным у меня два вопроса.

Первый вопрос. Какие решения и меры приняты Правительством для изменения сложившейся непростой ситуации в сфере тепло-, энергоснабжения во исполнение поручения Главы государства по снижению показателей износа тепло-, водоснабжения и водоотведения до 40 процентов к 2029 году?

Второй вопрос. Как решается вопрос в части приватизированных энергетических активов и ответственности их собственников? Рақмет.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Роман Васильевич.

СКЛЯР Р.В. Спасибо, Гауез Торсанович.

Действительно, определенная часть из 14 тысяч километров тепловых сетей имеет износ от 75 до 100 процентов. Средний износ, как Вы отметили, составляет 51 процент. Эти цифры заставляют нас принимать экстренные меры в срочном порядке. 69,4 миллиарда тенге предусмотрено в проекте уточненного бюджета. Однако необходимо отметить, что есть ряд проектов по городу Экибастузу, которые находятся на государственной экспертизе, ряд объектов по городу Павлодару и городу Степногорску. Это наиболее изношенные участки, которые мы должны будем заменить за счет средств республиканского бюджета. Финансирование на эти проекты мы предусмотрим.

Эта сумма действительно недостаточная, но благодаря участию самих предприятий, которые осуществляют транзит тепловой энергии в рамках тарифной сметы и программы «тариф в обмен на инвестиции», которая стартует в текущем году, мы большую часть проблемных вопросов снимем именно за счет этих мероприятий. Тепловые сети к отопительному сезону 2023 – 2024 годов мы подготовим в полном объеме, при необходимости будем принимать точечные меры с учетом возможностей местного и республиканского бюджетов.

Что касается тепловых электростанций, то их у нас, как вы знаете, всего 37, из них 22 станции находятся в частной собственности. До конца марта мы проведем технический аудит каждой станции. По каждой станции будет разработан конкретный план действий. Эти мероприятия будут проходить в основном за счет собственников и программы «тариф

в обмен на инвестиции». Там, где будет необходимо, Правительство будет точно принимать необходимые меры, принимая данные объекты в коммунальную собственность.

Что касается ответственности частных собственников. Мы знаем на примере города Риддера, когда собственник станции в начале ноября вообще отказался проводить какие-то ремонтные работы, станция просто остановилась, и только экстренные меры, которые приняли аким области, в целом акимат и другие предприятия Восточно-Казахстанской области, которые эту станцию отремонтировали, позволили в более или менее нормальном режиме пройти отопительный период. Из этого, безусловно, нужно извлечь уроки.

Министерство энергетики подготовило соответствующие поправки в законодательство, которые бы урегулировали данные вопросы, усилили ответственность собственников объектов жизнеобеспечения, которые в неполной мере выполняют свои обязанности.

Что касается города Риддера и города Экибастуза, то правоохранительные органы проводят соответствующие расследования, по итогам будет принято процессуальное решение в отношении собственников станций. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Карплюк Сергей Алексеевичке беріледі.

КАРПЛЮК С.А. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханулы.

Мои вопросы адресованы Министерству национальной экономики и Национальному Банку.

При корректировке некоторых показателей в Прогнозе социально-экономического развития Республики Казахстан на 2023 – 2027 годы показатель целевого коридора годовой инфляции не изменился и сохранен в пределах 7,5-9,5 процента.

Вместе с тем в январе текущего года фактическая инфляция в годовом исчислении достигла 20,7 процента, а в феврале – 21,3 процента, причем цены на продовольственные товары за год выросли на 26,2 процента.

С учетом этого Национальный Банк менее оптимистичен в своих прогнозах, годовой уровень инфляции в текущем году он предполагает в пределах 9-12 процентов. При этом базовый сценарий прогноза Национального Банка не учитывает возможных ограничений казахстанского экспорта к международным рынкам, ускорения роста цен на продовольственные товары, ускорения показателей инфляции в Российской Федерации, ослабления рубля и ужесточения в ее адрес международных санкций, а также ожидаемых у нас реформ тарифообразования на услуги ЖКХ. Все это отрицательно скажется на уровне инфляции. Вероятность перечисленных неблагоприятных факторов очень высока.

В связи с этим два вопроса.

1. Почему Правительство не брало в учет прогноз Национального Банка?
2. Есть ли у Правительства запасной план по удержанию данного коридора инфляции в случае исполнения неблагоприятных сценариев? Спасибо.



ТӨРАҒА. Бауыржан Бақытұлы, жауап беріңіз.

ОМАРБЕКОВ Б.Б. Спасибо за вопросы, Сергей Алексеевич.

Для нас главный целевой ориентир по инфляции – это 7,5-9,5 процента. Он учитывает тенденцию по году в целом, и верхняя граница коридора соответствует, она в пределах прогноза Национального Банка, то есть, как Вы сказали, 9-12 процентов.

Вместе с тем с прошлого года Правительством принят и реализуется комплекс мер по сдерживанию инфляции, он включает в себя мероприятия по насыщению внутреннего рынка отечественными продуктами, также будут активизированы механизмы по хранению и транспортировке продукции, будут реализованы мероприятия по поддержке розничной торговли, а также по контролю за ценообразованием, также будут реализованы антимонопольные мероприятия и внешнеторговое регулирование.

По нашему мнению, все это должно содействовать снижению инфляции в пределах целевого коридора.

Что касается запасного плана, то такой план имеется. В целом при разработке Прогноза социально-экономического развития рассматриваются разные сценарии, как раз таки базовый сценарий предполагает инфляцию в коридоре 7,5-9,5 процента. При изменении ситуации у Правительства будет возможность внести корректировки в показатели, а также комплекс мер будет актуализирован, будут внесены дополнительные необходимые мероприятия, исходя из ситуации. Спасибо.

ТӨРАҒА. Ғалымжан Олжаұлы, жауап беріңіз.

ПІРМАТОВ Ғ.О. Спасибо за вопрос.

Как вы помните, Национальный Банк четыре раза в год проводит полноценные прогнозные раунды и обновляет свои прогнозы в соответствии с исходящими данными, ситуациями на мировых и внутренних рынках. В конце прошлого года наш прогноз на конец 2023 года по инфляции составлял 11-13 процентов. Мы в конце февраля провели очередной прогнозный раунд и чуть улучшили свои прогнозы по инфляции на конец этого года до 9 и 12 процентов.

Правительство, как вы только что слышали от докладчика, в этот раз при уточнении Прогноза социально-экономического развития в части макропараметров не меняло, оставило тот.

Наш последний прогноз пересекается с прогнозом Правительства, но не идентичен. Это не означает, что между Национальным Банком и Правительством нет координации, мы совместно работаем. Вообще, в мировой практике это достаточно распространенная ситуация, когда прогнозы центральных банков и правительств могут отличаться. В той же Российской Федерации прогнозы Центрального Банка и Правительства по инфляции, по росту экономики могут отличаться, и они продолжают публиковать свои прогнозы, приводят свои доводы в своих коммуникациях. Допустим, прогнозы Всемирного банка и Международного валютного фонда тоже отличаются.

Поэтому еще раз хочу сказать, что это не означает отсутствие координации, мы совместно работаем, наши прогнозы пересекаются, но не идентичны. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Я думаю, это естественно, что прогнозы неидентичные, наверное, и нельзя требовать, чтобы они были идентичные. Но, наверное, мы должны исходить из базового контекста, что инфляционное давление в этом году будет сильное. Надо себя готовить к каким-то реалистичным вещам.

Во-первых, Роман Васильевич сказал о программе «тариф в обмен на инвестиции». Понятно же, повышение тарифов будет влиять на цены. Мы видим, что ситуация в мире непростая, что тоже будет оказывать на нас влияние, санкционные войны, которые идут, тоже будут оказывать на нас влияние. Галымжан Олжаевич говорил о фискальных факторах, о которых мы говорим, конечно, денежная масса будет влиять на инфляцию.

Поэтому мы должны, видимо, исходить из того, что инфляционное давление будет достаточно сильным. Но на то и Правительство, и Национальный Банк, чтобы расшивать эти проблемы, нивелировать их, уменьшать и, собственно говоря, заходить в этот коридор, который вами изложен, в пределах 7-9,5 процента.

В этой связи для нас одной из важнейших задач является логистика. Раз мы импортируем многие вещи, соответственно, чтобы не накручивать какие-то дополнительные цены, не увеличивать себестоимость, мы должны активно работать по логистике. Чем ниже стоимость логистики, тем ниже цена для потребителей.

К чему я все это говорю? Раз мы говорим об инфляции, о факторах инфляции, эти факторы инфляции нужно расшивать, нивелировать. И один из факторов – это ситуация на казахстанско-китайской границе. Большой объем товаров к нам идет из Китая. Чем больше там будет пробок, чем больше будет там сложных ситуаций, очередей, тем больше там будет посредников, коррупции, тем больше там будет всяких поборов, и все эти поборы ложатся в конечном итоге на потребителей. То есть, расчищая ситуацию на границе, убирая какие-то преграды, убирая каких-то посредников, какие-то коррупционные схемы, мы способствуем тому, что цена более или менее будет ниже, чем с этими негативными ситуациями.

В этой связи, Роман Васильевич, я хотел бы отметить, что в последнее время участились жалобы от предпринимателей на то, что очень долго стоят грузовые машины на границе, что, несмотря на все меры, и вроде бы китайцы уже пошли на послабление, либерализовали свой режим, дают возможность, но все равно эти проблемы на границе остаются.

Видимо, пришло время выполнить нам поручение Главы государства. Сенаторы, наш соответствующий комитет тоже готовы этим вопросом активно заниматься, навести порядок, убрать все преграды для того, чтобы снизить себестоимость провозки товаров через казахстанско-китайскую границу для предпринимателей.

И здесь немало каких-то заинтересованных в этом лиц, коррупционеров. И с этим, наверное, нужно в соответствии с поручением Главы государства жестко разбираться, оцифровать, автоматизировать все процессы на границе. Я не думаю, что китайцы против этого, наверное, они будут полностью поддерживать такого рода инициативы. Необходимо убрать в целом все искусственно создаваемые препоны со стороны таможи и других структур на границе с Китаем.

Я думаю, что это тоже один из факторов, который сегодня влияет на цены в нашей стране, а этот фактор мы, наверное, можем устранить. Он искусственный во многом. Пандемия почти завершилась, китайская сторона изменила свою политику, а очереди на границе остались, что вызывает, конечно, большие вопросы.

Я думаю, в этом направлении Правительство активно занимается. И наши сенаторы со своей стороны тоже будут держать этот вопрос на контроле.

Келесі сөз Лұқпанов Сағындық Есенғалиұлына беріледі.

ЛҰҚПАНОВ С.Е. Рақмет.

Мой вопрос адресован представителю Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан.

Глава государства неоднократно отмечал о недостаточной эффективности деятельности специальных экономических зон, назвав их ярким примером низкой эффективности. Первоначально специальные экономические зоны создавались для реализации отдельных приоритетных проектов с определенной отраслевой направленностью и обеспеченной инфраструктурой.

В уточненном республиканском бюджете на развитие инфраструктуры специальных экономических зон выделено 3,6 миллиарда тенге из запрошенных 8,3 миллиарда тенге, что составляет 43 процента.

Общая потребность на развитие инфраструктуры специальных экономических зон составляет 382 миллиарда тенге. При этом из 13 действующих специальных экономических зон только пять специальных экономических зон обеспечены инфраструктурой, а наполняемость проектами остается на уровне 52 процентов. Поэтому деятельность специальных экономических зон требует системных мер регулирования и концептуального решения проблем их деятельности.

Вопросы. Что предпринимается министерством по организации деятельности специальных экономических зон? Какие имеются планы у министерства? Когда достигнем полного создания необходимой инфраструктуры специальных экономических зон? Спасибо.

ТӨРАҒА. Марат Кәрімжанұлы, жауап беріңіз.

ҚАРАБАЕВ М.К. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Сағындық Есенғалиұлы! Жалпы, қазір 13 арнайы экономикалық аймақ жұмыс істеп тұрған болса, соның 6 мың 800 гектары толық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген және оның 50 пайыздан астамы, яғни 3,5 мың гектары толық жобалармен қамтамасыз етілген.

Қалғандарының жобамен қамтамасыз етілмеуінің басты себебі – әрбір арнайы экономикалық аймақтың басым бағытының болатыны. Мысалы, Қарағандыда арнайы экономикалық аймақтың басым бағыты – металлургия. Ал ол жерде, мысалы, жиһаз өндіретін немесе киім-кешек шығаратын зауыттар өз жұмысын бастай алмады, өйткені басым бағытты қосу, біріншіден, көп уақытты алды, екіншіден, ары қарай бюджетке ақша түспеуінен қолдау таппады.

Сондықтан осы мәселені реттеу үшін заңнамаға екі жаңа ұғым енгізілді, ол былтыр қабылданды.

Аралас режимнің мүмкіндіктері бар. Мысалы, арнайы экономикалық аймақтың басым бағытына жоба сәйкес келмейтін болса да ол сол арнайы экономикалық аймақтың аумағында жобасын іске асыру үшін сол жердің инфрақұрылымын қолдана алады, бірақ салықтық жеңілдіктер ала алмайды. Нәтижесінде ол сол жерді тиімді игеруге көмек береді.

Дифференциалдық режим деген бар. Осы жолмен келген әр жоба арнайы экономикалық аймақтың мерзімі біткенше ғана жеңілдік алып отырған, ал қазір әр жобаға қанша инвестиция салғанына, қай салаға салғанына, қаншалықты игере алатынына, оны қайтара алатынына сәйкес түрлі-түрлі жеңілдіктер берілетін болды. Нәтижесінде біз басым бағытты қосудың мерзімін айтарлықтай қысқарттық. Осы екі жаңа бағыт оның тиімділігін арттыруға бағытталған.

Қаржы мәселесі жөнінде. 380 миллиард бөлу ол бүкіл инфрақұрылым мәселесін шешті дегенді білдірмейді. Арнайы экономикалық аймақ әртүрлі болады, мысалы, 380 миллиардтың 90 миллиарды Астана қаласына бөлінген, онда арнайы экономикалық аймақ бар, 90 жоба іске қосылып, 300 гектар жер телімі толық игерілді.

Сондай-ақ жаңа жобалар бар. Оларға арнайы экономикалық аймақтың аумағын кеңейту бойынша шешім қабылданып, инфрақұрылымға қосымша 90 миллиард ақша бөлінетін болды. Әрбір экономикалық аймақтың қаншалықты тиімді игерілуіне байланысты біз нақты шешім қабылдайтын боламыз. Яғни, егер аймақ игеріліп, тиімді болып жатса, оны кеңейту бойынша шешім қабылдануы мүмкін. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Бекенов Нұрлан Жексембайұлына беріледі.

БЕКЕНОВ Н.Ж. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сегодня в Казахстане существуют проблема недостаточного кредитования бизнеса и высокая закредитованность населения, особенно в сфере потребительского заимствования. По состоянию на 1 февраля 2023 года из 22,8 триллиона тенге кредитов экономике 34 процента занимают потребительские займы (7,7 триллиона тенге).

Для решения данных перекосов на днях Главой государства был подписан Указ «О мерах по расширению кредитования реального сектора экономики и снижению закредитованности населения». Указ содержит разноплановые целевые меры, которые должны реализовываться в конкретных отраслях экономики либо направлены на поддержку определенных проектов.

В этой связи у меня два вопроса.

Первый вопрос к Заместителю Премьер-Министра Ерулану Кенжебековичу. Пожалуйста, поясните подробнее меры по стимулированию кредитования. К каким отраслям и проектам эти меры будут применяться?

Второй вопрос к Председателю агентства Мадине Ерасыловне. Касательно снижения закредитованности населения прошу более детально разъяснить о

предпринимаемых мерах. Какой результат, в какие сроки вы ожидаете их получить? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ерұлан Кенжебекұлы, жауап беріңіз.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Нұрлан Жексенбайұлы, сұрағыңызға рақмет.

На самом деле для обеспечения устойчивого роста экономики в долгосрочной перспективе мы постоянно должны расширять источники финансирования экономики. Я считаю, что данный Указ Президента принят очень своевременно. Исторически так сложилось, что горнорудный и нефтегазовый секторы, то есть добывающие, где есть доля участия иностранного капитала, в основном привлекали прямые иностранные инвестиции. Поэтому у нас данный поток налажен. В прошлом году объем прямых иностранных инвестиций составил более 25 миллиардов долларов США. Как раз в доле внешнего долга превалирует межфирменная задолженность, которую предоставляют материнские компании.

Что касается обрабатывающего сектора. Здесь мы совместно с Национальным Банком и Агентством по регулированию и развитию финансового рынка выработали ряд мер. В частности, понятно, что банковского кредитования недостаточно, чтобы полностью финансировать обрабатывающий сектор. Поэтому мы считаем, что часть средств ЕНПФ нужно направить через инструменты НУХ «Байтерек», там есть инструменты микширования, на кредитование именно рентабельных проектов. Понятно, что здесь важную роль играет то, чтобы доходность была выше инфляции, рентабельность, чтобы была возвратность капитала.

Что касается проектов, которые реализуются через АО «Самрук-Казына». Там есть свои ресурсы. Тем не менее в Концепции управления государственными финансами предусмотрен инструмент. То есть АО «Самрук-Казына» выпускает облигации, деньги Национального фонда размещаются в данные облигации и реализовываются определенные проекты. Также необходимо соблюсти баланс доходности и сохранности этих активов.

Кроме того, в Указе предусмотрен инструмент зерновых расписок. Данный инструмент существует, но он был неработающим. Сейчас мы будем его реанимировать. Здесь важно, чтобы данный инструмент банки приняли в качестве залога. Естественно, тогда пойдут проекты по кредитованию проектов АПК.

Также проектом предусмотрены инструменты лизингового финансирования. Здесь работают «дочки» НУХ «Байтерек», это АО «Фонд развития предпринимательства» и АО «КазАгроФинанс».

Понятно, что есть большие проекты, которые не осилит ни один крупный казахстанский банк. Поэтому в Указе предусмотрено развитие механизма синдицированного кредитования. Это как раз таки синергия наших институтов развития и банков второго уровня. Уже сформировано более восьми крупных проектов на сумму 6 триллионов тенге.

Действующие для малого и среднего бизнеса механизмы проявили себя очень хорошо, в частности, это Дорожная карта бизнеса и программа «Экономика простых вещей».

Философия Указа заключается в том, что население на самом деле перекредитовано, потребительские кредиты растут быстрее, чем кредиты экономики, поэтому здесь должны быть еще налоговые стимулы плюс пруденциальные нормативы, которые будут подталкивать банки к кредитованию экономики.

По потребительским кредитам разъяснит Агентство по регулированию и развитию финансового рынка.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Мәдина Ерасылқызы, жауап беріңіз.

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Нұрлан Жексембайұлы! Агентство на постоянной основе ведет мониторинг рисков в сфере потребительского кредитования. За 2022 год портфель потребительских кредитов банков составил 7,7 триллиона тенге, увеличение – 25 процентов, в том числе проблемные кредиты составляют 451 миллиард тенге, или 5,9 процента от общего объема потребительских кредитов.

Если говорить о микрофинансовом секторе, то портфель потребительских микрокредитов на 1 января текущего года составил 1 триллион тенге, из них микрокредиты с просрочкой – 81,7 миллиарда тенге, или 8,2 процента.

Во-первых, в реализацию Указа Главы государства будут приняты дополнительные системные меры по снижению закредитованности населения. Прежде всего это касается ужесточения регулирования деятельности коллекторских агентств. В настоящее время, когда банки и микрофинансовые организации передают проблемные кредиты на взыскание коллекторским агентствам, не предусмотрена процедура реструктуризации таких потребительских кредитов или микрокредитов. Коллекторские агентства занимаются только взысканием проблемной задолженности, лишая заемщиков возможности воспользоваться механизмом реструктуризации.

В этой связи в рамках реализации Указа предлагается на законодательном уровне запретить продажу розничных кредитов коллекторам со стороны банков и микрофинансовых организаций, если по таким кредитам не были проведены процедуры реструктуризации. Если же потребительские кредиты уже были проданы коллекторским агентствам, то также предлагается на законодательном уровне установить требования для коллекторских агентств по проведению процедур урегулирования проблемной задолженности по кредитам. Это может предусматривать процедуры по пересмотру процентных ставок и продлению срока погашения кредита, также может быть частичное или полное списание проблемной задолженности.

Во-вторых, в Указе также указано, что необходимо ограничить рост долговой нагрузки на граждан, которые уже имеют просроченную задолженность свыше 90 дней. Сейчас задолженность граждан ограничивается через коэффициент долговой нагрузки. В прошлом году мы его утвердили в качестве пруденциального норматива, то есть расходы

заемщика по обслуживанию кредита не должны превышать 50 процентов от его доходов. Если идет превышение, то заемщику кредит не должен предоставляться. Вместе с тем наши проверки показывают, что это требование не выполняется всеми финансовыми организациями, на постоянной основе накладываются штрафные санкции. В этой связи для того, чтобы защитить заемщиков и ограничить рост долговой нагрузки граждан, предлагается на законодательном уровне рассмотреть возможность введения запрета на выдачу банками и микрофинансовыми организациями займов физическим лицам, которые уже имеют просроченную задолженность свыше 90 дней.

Другое важное направление – это дальнейшее регулирование онлайн-рынка беззалогового микрокредитования. Это наиболее высокорисковый сегмент. В прошлом году мы видели нарастание рисков именно в этом сегменте. Это микрокредиты до 50 МРП или до 150 тысяч тенге в среднем. В этой связи в рамках реализации Указа будут рассмотрены дальнейшие меры по снижению ставок вознаграждения по таким беззалоговым онлайн-микрокредитам.

Кроме того, в прошлом году мы уже повысили требования к капиталу для таких микрокредитных организаций и установили, что максимальный уровень проблемной задолженности не может превышать 20 процентов на балансе таких микрофинансовых организаций. В случае нарушения таких нормативов будут отзываться лицензии у таких онлайн-микрокредитных организаций.

В-четвертых, в рамках Указа Главой государства дано поручение по принятию банками, микрофинансовыми организациями и коллекторскими агентствами планов по урегулированию проблемных кредитов населения.

На законодательном уровне с прошлого года действует порядок по обязательному урегулированию проблемной задолженности. С прошлого года банки добровольно начали принимать такие индивидуальные планы. Так, всего банками планировалось охватить 633 тысячи заемщиков в 2022 и 2023 годы, на сегодняшний день по 267 тысячам заемщикам с задолженностью 127 миллиардов тенге были приняты меры по урегулированию их проблемной задолженности.

В рамках исполнения требования Главы государства принятие банками, микрофинансовыми организациями и коллекторами индивидуальных планов в рамках пруденциального регулирования будет установлено как обязательное требование. Это позволит не доводить граждан до ситуации, когда им надо будет обращаться и пользоваться механизмами Закона «О банкротстве физических лиц».

В зависимости от финансового состояния заемщиков также будут предлагаться финансовыми организациями различные механизмы по снижению задолженности. Как я говорила, это пересмотр ставок вознаграждения, продление срока кредита, а также частичное или полное списание задолженности.

Соответствующий блок поправок в законы и подзаконные акты агентством будет подготовлен уже во втором квартале текущего года и внесен на ваше рассмотрение. Спасибо.

ТӨРАҒА. Важные вопросы. Конечно, как агентство вместе с Правительством внесут соответствующие предложения, мы их оперативно с коллегами из Мажилиса, я думаю, посмотрим, уверен, достаточно быстро примем.

Құрметті әріптестер, келесі сөз депутат Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызына беріледі.

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Денсаулық сақтау және Қаржы министрлеріне.

Мәселе ауыл тұрғындарының денсаулығына қатысты. Өздеріңіз білетіндей, еліміздің халық санының 41 пайызы ауыл тұрғындарын құрап отыр. Бүгінде олардың арасында қан айналымы жүйесі, қатерлі ісіктер, тыныс алу органдарының аурулары болатын өлім-жітім көрсеткіштері басымдыққа ие.

Өмір сүру ұзақтығын көтерудің бірден-бір жолы – профилактикалық тексерулерді уақытылы, толық және сапалы ұйымдастыру.

Осы және басқа да өзекті мәселелерді талқылау мен олардың шешілу жолдарын анықтау мақсатында Сенатта «Қолжетімді және тиімді денсаулық сақтау жүйесі» тақырыбында өткен үкімет сағатында ұсынымдар айтылған.

Денсаулық сақтау министрлігі ауыл тұрғындарының профилактикалық тексерулерін қаржыландыруға, оның ішінде бірінші кезеңнен өту үшін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде осы жылға қосымша 12,3 миллиард теңге қажеттілік бар екенін көрсетіп отыр. Алайда бұл мақсатқа 2023 жылы тек 3,4 миллиард теңге ғана көзделген. Республикалық бюджеттің нақтылауымен 5 миллиард теңге қосымша қаралып отыр. Өлі де 3,8 миллиард теңге тапшылық сақталып отыр.

Сондай-ақ ауыл тұрғындарын профилактикалық тексерулердің екінші кезеңінен өткізу үшін Мемлекеттік әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі бойынша қажеттілік 43,7 миллиард теңгені құрап отыр. Осыған орай сұрағым бар.

Еліміздің 3,3 миллион ауыл тұрғынына профилактикалық тексерулер көрсетуге қаржылық тапшылықты жабу жоспарларыңыз қандай? Және осындай маңызды шараларға қаражатты толық жоспарлауға не кедергі бар екенін айтып кетсеңіздер.

ТӨРАҒА. Ажар Ғиниятқызы, жауап беріңіз.

ҒИНИЯТ А.Ғ. Сұрағыңызға рақмет, Ақмарал Шәріпбайқызы.

Былтыр алғашқы рет халыққа медициналық көмекті жетілдіру барысында ауыл тұрғындарын толық профилактикалық тексеруден өткізуді бастағанбыз. Сол кезде 800 мыңнан астам адам осындай тексерулерден өтті. Биыл 3 миллионнан астам адам профилактикалық тексеруден өтеді деп жоспарлап отырмыз. Осы бюджеттің нақтылауымен 2 миллион 400 мың адамды тексеруден өткізуге қаражат қаралған. Бірінші жартыжылдықтың қорытындысымен республикалық бюджетке түзету аясында Қаржы министрлігімен қосымша қаражат қаралатын болады.

Енді Әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі бойынша. Бірінші жартыжылдықтың қорытындысына мониторинг жүргізіліп, жүйедегі бар қаражаттың



есебінен қаржы қаралу көзделіп отыр. Бюджетті қосымша қарау комиссиясына бұл ұсыныстарымызды беретін боламыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Ерұлан Кенжебекұлы, қосатыныңыз бар ма?

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Бұл шығындар даму бағытындағы шығындар емес, сондықтан бұны Парламентке шығармай-ақ, бюджетті түзету кезінде 10 пайыздық көлемдегі түзетулер арқылы шешуге болады. Ол қаражат қажет болған жағдайда біз Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп қарастыратын боламыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Әйткенов Ернұр Нұрмұханұлына беріледі.

ӘЙТКЕНОВ Е.Н. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ауыл шаруашылығы министрлігіне.

Ағымдағы жылдан бастап Солтүстік Қазақстан облысының агроөнеркәсіптік кешені саласындағы ірі өнеркәсіптік инвестициялық жобаларды іске асырудағы табысты тәжірибесін кеңінен пайдалану жоспарлануда.

Аталған іс-шараны іске асыру үшін бюджеттік кредиттеу және агроөнеркәсіптік кешені саласындағы инвестициялық жобаларды одан әрі қолдау шеңберінде әкімдіктерді сенімді агент ретінде тартатын әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар ұсынатын өңірлік даму институтының әлеуетін пайдалану жоспарлануда.

Бұл ретте бюджетті нақтылау аясында осы мақсаттарға 100 миллиард теңге бөлу жоспарлануда.

Осыған байланысты екі сұрағым бар.

Бірінші. Осы қаражатқа қанша инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда және жобалар қаржыландыруға қалай іріктелді?

Екінші. Осы қаражатты бөлу механизмі қандай және жобаны іске асырудан сіз қандай нәтиже күтесіз? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ербол Шырақбайұлы, жауап беріңіз.

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. Құрметті Ернұр Нұрмаханұлы, сұрағыңызға рақмет.

Биыл республикалық бюджетті нақтылау процесі барысында агроөнеркәсіп кешеніндегі ірі инвестициялық жобаларды қаржыландыруға 100 миллиард теңге бөлінуде. Осы 100 миллиард теңгені биыл сүтті-тауарлы фермаларды құру жобаларына бағыттамақшымыз.

Іріктеу мәселесі. Жергілікті жерлерге ақша бөлінді. Жобаны іріктеу үшін әкімшіліктер ашық конкурс жариялайды. Біздің бекіткен ережеміз бойынша ол конкурсқа міндетті түрде қоғам өкілдері де, одақтың, ассоциациялардың, қоғамдардың сарапшылары қатысатын болады.

Ақшаны транспарентті түрде бөлу мақсатында ақшаның бөлінуі, конкурстың өту барысы, нәтижесі әкімшіліктердің сайттарында, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының ресурстарында толық жарияланатын болады.

Осы 100 миллиард теңгені сүтті-тауарлы фермаларға жіберіледі. Біздің жоспар бойынша 50-ге жуық ірі сүтті-тауарлы ферма іске асады, соның нәтижесінде биылғы жылы өндірілетін сүттің көлемі 250 мың тоннаға жетеді деп отырмыз. Бұл негізі өте жақсы көрсеткіш. Ірі агроөнеркәсіп кешенінің жобаларын қаржыландыру биылғы жылы бастапқы жыл болып саналады. Келесі жылдары да ол жалғасады деп ойлаймыз. 250 мың тонна сүт өндіру ол биылғы жылдың нәтижесінде, ал үш жылдың ішінде оны 500 мың тоннаға жеткіземіз деп отырмыз. Барлық жоба бақылауда. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Ершов Сергей Михайловичқа беріледі.

ЕРШОВ С.М. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханулы.

Мой вопрос адресован Министерству национальной экономики.

Уважаемый Бауыржан Бакытулы! Хочу поднять вопрос касательно военных медиков. Этот вопрос постоянно поднимается при посещении военных частей, гарнизонов, военных городков.

В последнее время государством принимаются меры по повышению заработной платы медицинским работникам. При этом повышения окладов военным медицинским работникам не предусмотрено. Тем самым отмечается значительное неравенство (в два и более раза) в размере заработной платы военных медиков и их коллег в гражданском здравоохранении, что, в свою очередь, способствует оттоку квалифицированных и подготовленных кадров из военной медицины. Тем более что гражданские медики имеют право работать еще и в частных медицинских учреждениях.

Вместе с тем выполняемые задачи военных медиков сопряжены с тяжелыми и особо опасными условиями труда, а также с такими же, как у гражданских медицинских работников, психоэмоциональными и физическими нагрузками.

Кроме того, задачи военно-медицинского обеспечения в большей части выполняются в полевых условиях, на аэродромах, на море, в мобильных медицинских комплексах, что накладывает дополнительную психоэмоциональную и физическую нагрузку на военно-медицинских работников.

В связи с этим хотелось бы все-таки узнать, будут ли Правительством приниматься меры для устранения данной диспропорции?

Мы этот вопрос поднимали, если Вы помните, и на принятии бюджета, на рабочих группах, на комитете, но серьезного ответа так и не получили. Мы можем просто потерять военно-медицинские учреждения. Поэтому мы просим четко и ясно нам разъяснить, когда будет повышение заработной платы. Спасибо.

ТӨРАҒА. Бауыржан Бакытулы, жауап беріңіз.

ОМАРБЕКОВ Б.Б. Спасибо за вопрос, Сергей Михайлович.

В соответствии с поручением Главы государства, данным на заседании Совета Безопасности, на сегодня нами прорабатывается вопрос доведения уровня заработных плат военно-медицинских работников до гражданских медицинских работников. Расчеты уже проведены, определили уровень повышения заработных плат. Но данная работа ведется комплексно с вопросом перехода на новую систему оплаты труда силовых органов. Она направлена на реализацию задач Главы государства по систематизации и устранению диспропорций заработных плат между государственными органами.

На сегодня нами совместно с другими государственными органами уже разработаны структура распределения должностей, единая схема должностных окладов, определяются уровень и соотношение заработных плат между государственными органами. Данную работу мы планируем завершить до конца первого полугодия, будет рассмотрен поэтапный переход на новую систему оплаты труда силовых органов.

По военным медицинским работникам хочу добавить, что совместно с Министерством финансов данный вопрос будет рассмотрен первоочередно в этом году, исходя из возможностей бюджета, и комплексно с вопросом перехода на новую систему оплаты труда. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірменді лауазым иелері, құрметті әріптестер! Қаралып отырған 2023 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау туралы заң жобасының мақсаты халықтың әл-ауқатын жақсарту, еліміздің экономикасының тұрақты даму моделін құруды одан әрі жандандыру болып табылады.

Бүгін баяндамаларда айтылғандай, Мемлекет басшысының Жолдауындағы және еліміздің өңірлеріндегі жұмыс сапарында берген тапсырмаларын іске асыру үшін қаржыны қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылға арналған бюджет параметрлеріне өзгертулер енгізілді.

Баяндамашылар негізгі макроэкономикалық және өзгертілген бюджеттік көрсеткіштер туралы толық баяндады. Сондықтан қаралып отырған республикалық бюджетті нақтылаудың маңызды деген бағыттарына тоқталып өтуге рұқсат етіңіздер.

Первое. Как отмечено в докладах, доходная часть республиканского бюджета увеличена на 1,5 триллиона тенге, в том числе за счет роста доходов республиканского бюджета на 720 миллиардов тенге, а также за счет привлечения целевого трансферта из Национального фонда в размере 800 миллиардов тенге.

Как мы видим, целевые трансферты стали легким и доступным источником для увеличения доходной части бюджета. При этом Концепцией управления государственными финансами Республики Казахстан определено, что за счет целевых трансфертов необходимо финансировать антикризисные программы, реализовывать социально значимые проекты национального масштаба и стратегически важные инфраструктурные проекты.

И поскольку на законодательном уровне не определены понятия данных направлений, на практике допускается финансирование любых проектов, которые не подпадают под указанную концепцию использования средств Национального фонда. К примеру, в рамках данного уточнения за счет целевого трансферта из Национального фонда предусмотрена реализация проекта по производству бытовой техники в городе Сарани на сумму 5 миллиардов тенге, администратором является Министерство индустрии и инфраструктурного развития. Или, например, реконструкция административных зданий государственных учреждений на сумму 21,3 миллиарда тенге, администратором являются Министерство здравоохранения и Министерство культуры и спорта.

Поэтому в целях рационального использования средств Национального фонда есть необходимость закрепления в законодательстве четких критериев по определению проектов, подлежащих финансированию за счет целевых трансфертов, и предельных порогов по их привлечению. Также есть необходимость усиления контроля за целевым, законным и эффективным использованием этих средств.

Кроме того, необходимо отметить, что при данном уточнении увеличены расходы на обслуживание правительственного долга на 83,7 миллиарда тенге, что вкупе с расходами на погашение государственного долга, а это почти 4,4 триллиона тенге, будет составлять 20 процентов от расходов.

Учитывая наступление пиков погашения государственного долга к 2025 году соотношение государственного долга, по прогнозам, составит 22,8 процента от расходов.

В этой связи полагаем необходимым провести критическую переоценку дальнейшей востребованности уже привлеченных заемных средств и возможности их досрочного погашения за счет замещения другими источниками.

Второе. В качестве альтернативы повышения доходной части республиканского бюджета полагаем целесообразным рассмотреть также вопрос оптимизации налоговых льгот.

По последним актуальным данным Министерства финансов, сумма налоговых льгот составила 8,2 триллиона тенге, которые сегодня имеют бессрочный характер. Вместе с тем потери от налоговых льгот не признаются формой расходов бюджета, по ним не предусмотрено формирование отчетности.

Безусловно, что предоставление налоговых льгот должно дать мультипликативный эффект для развития экономики. Однако сегодня мы видим недостаточность эффективности действующих механизмов регулирования налоговых льгот. Это связано с отсутствием соответствующих критериев риска и процедур камерального контроля, с недостаточностью сведений о применяемых льготах налогоплательщиками ввиду несовершенства форм налоговой отчетности и нормативных правил, которые регламентировали бы все аспекты налогового льготирования.

Поэтому необходимо усилить работу по повышению эффективности применения налоговых льгот путем регламентации порядка мониторинга и анализа эффективности налоговых льгот на законодательном уровне.

Үшінші. Қаралып отырған бюджетті нақтылау шеңберінде ауылдық елді мекендердің әлеуметтік, инженерлік және жол инфрақұрылымдарын жаңғыртуға

бағытталған «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасын іске асыру жоспарланған. Алайда бүгінгі таңда «Ауыл – ел бесігі» жобасының критерийлеріне сәйкес келмейтін іс-шараларды аталмыш жоба аясында қаржыландыру қарастырылған. Мәселен, «Ауыл – ел бесігі» жобасы есебінен шекара маңы аумақтарын электр энергиясымен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру, денсаулық сақтау объектілерін салу сияқты тағы да басқа жобалар қаралған.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес бүгінгі таңда бұл мәселенің ауқымдылығы мен қажеттілігі өте жоғары. Сондықтан жобалар тізбесінің «Ауыл – ел бесігі» өлшемдеріне сәйкестігі тұрғысынан мониторинг жүргізу өте маңызды деп санаймыз.

Четвертое. К сожалению, продолжают иметь место быть несогласованность и разрозненность функций между государственными органами по решению вопросов реализации тех или иных мероприятий, которые в конечном итоге приводят к неэффективному планированию и использованию бюджетных средств.

К примеру, решение вопросов обеспечения теплом и электроэнергией. Сегодня они относятся к разным ведомствам, и это зависит от определенных нормативов и иных критериев, то есть в случае с электроэнергией до 35 киловольт – это вопрос Министерства промышленности и инфраструктурного развития, свыше 35 киловольт – это вопрос Министерства энергетики, а по отдельным объектам – это уже вопрос Министерства национальной экономики.

Аналогичная ситуация и по тепловым сетям: до 100 гигакалорий относится к Министерству промышленности и инфраструктурного развития, свыше 100 гигакалорий – к Министерству энергетики.

В целях повышения эффективности использования бюджетных средств необходим комплексный, системный подход по определению ответственных государственных органов, повышению уровня их взаимодействия.

Пятое. Основная задача региональной политики Казахстана – это повышение конкурентоспособности регионов и уровня жизни населения. Для решения данной задачи должна быть обеспечена сбалансированность бюджета, а поскольку на сегодня существует ограниченность средств у регионов, возникают проблемы по финансированию проектов за счет местного бюджета.

К примеру, в рамках данного уточнения республиканского бюджета поднимался вопрос об удорожании стоимости инвестиционных проектов, которое возникает по причине быстрого роста цен на стройматериалы и услуги в строительстве. Соответственно, в этой связи существует большая вероятность срыва строительства социально значимых объектов на местах.

Поэтому для решения данных вопросов предлагается проработать два альтернативных варианта:

- 1) софинансирование удорожания из республиканского бюджета на паритетной основе;
- 2) передача части налога на добавленную стоимость от малого и среднего бизнеса.

Данное предложение вносится с учетом положительной практики по передаче поступлений корпоративного подоходного налога от малого и среднего бизнеса в местный бюджет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар және шақырылғандар! Жалпы алғанда, нақтыланған республикалық бюджеттің жобасы Мемлекет басшысы қойған міндеттерге сәйкес келеді және елдің макроэкономикалық, қаржылық және әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ететін болады. Сондықтан баяндалғанның негізінде Қаржы және бюджет комитеті «2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы «Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сұлтанбек Алмасбекұлы.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Нәутиев Әлібек Ибатуллаұлына беріледі.

НӘУТИЕВ Ә.И. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті депутаттар! 2023 – 2025 жылдарға арналған нақтыланған республикалық бюджеттің параметрлерін қарау кезінде біздің комитетте талқылауға себеп болған келесі мәселелерге назар аударғым келеді.

Бірінші. Баршаңызға белгілі, әрбір аймақ мемлекеттік жоспарлау жүйесіне кіретін өзінің кешенді әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларын әзірлейді. Аталған жоспар аймақтың даму мәселелерін жедел шешуге арналған іс-шаралар жиынтығын қамтитын құжат болып табылады. Алайда республикалық бюджетті қалыптастыру және оны нақтылау кезінде аймақтардың шешімін күткен кешенді әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларына енген мәселелер көбіне ескерілмейді. Яғни өңірлердің кешенді әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларына енгізілген іс-шараларды іске асыру республикалық бюджетті нақтылау жөніндегі ағымдағы заң жобасымен байланыстырылмаған. Ең алдымен бұл жаңадан құрылған облыстарға, мысалы, Ұлытау облысына қатысты.

Бұл жерде өңірлік сипаттағы шығыстарды жоспарлау кезінде Үкіметте жүйелі жұмыс, яғни өңірлердегі негізгі проблемаларды шешуде нақтылық жоқ екенін атап өту керек.

Сондай-ақ нақтыланған бюджет жобасында тек қана екі әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияның жарғылық капиталын толықтыру үшін нысаналы трансферттер бөлінген. Бұл, жоғарыда аталып өткендей, Қостанай және Қарағанды облыстарындағы «Тобыл» және «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялары.

Бұл ретте үш жобаны іске асыру көзделген, олар Саран қаласында тұрмыстық техника өндірісі және Қостанай қаласындағы машина жасау саласындағы жобалар.

Мемлекеттік органдардың айтуынша, басқа өңірлердегі әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың іске асыруға дайын және қаржыландыруды талап ететін жобалары жоқ. Бұл ретте әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларындағы индустриялық жобаларды іріктеудің нақты, бірыңғай критерийлері әзірленбеген.

Өңірлерді дамытуға бағытталған жобаларды іріктеудің жалпы әдістемесінің болмауы аймақтың даму басымдықтарын ескерусіз қалуына алып келуде.

Үкімет қаражатты бөлу кезінде осы жайларды ретке келтіріп, өңірлердің кешенді әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларында қамтылған іс-шаралардың іске асырылуын ескеруі қажет деп есептейміз.

Екінші. Жылумен жабдықтау жүйелерін салуға, реконструкциялауға және жалпы жылу мен электр энергетикасын дамытуға нақтыланған бюджетте 143,7 миллиард теңге көзделген. Алайда Үкімет электр станцияларының тәуелсіз техникалық аудитінің нәтижелерін ағымдағы жылдың бірінші тоқсанының соңына ғана ұсынуға уәде беріп отыр.

Бүгінгі таңда электр станцияларының негізгі жабдықтарының тозуы 57 пайыз болса, ал жекелеген өңірлерде бұл көрсеткіш 88 пайызға жетті.

Жыл сайын көбейіп келе жатқан жылу электр орталықтары жабдықтарының орташа тозуы 66 пайызға жетті. Олардың 60 пайызы жекеменшікте.

Осындай шұғыл шешімін талап ететін проблемаларға бюджеттен қаражатты басым тәртіппен және толық көлемде бөлу қажет деп есептейміз. Себебі жинақталған проблемаларды кеш шешу өңірлердің одан әрі дамуын қамтамасыз етуде болашақта төтенше жағдайлардың әлі де болу қаупін туындататыны сөзсіз.

Көптеген мәселелерді оқиға орын алғаннан кейін немесе төтенше жағдай болғаннан кейін ғана шешу орталық пен аймақтар арасында тиісті байланыстың жоқтығын көрсетеді. Бұл жерде Үкімет көбінесе Мемлекет басшысының сынынан немесе қоғамдық резонанстан кейін ғана аймақтық мәселелерге назар аударатынын көруге болады.

Құрметті депутаттар! Жалпы, айтылған ескертулерге қарамастан, Үкімет үлкен жұмыс атқарды деп есептеймін. Сондықтан заң жобасының маңыздылығын ескеріп оны қолдауды ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется депутату Булавкиной Ольге Александровне.

БУЛАВКИНА О.А. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханулы.

Уважаемые депутаты! Указом Главы государства Касым-Жомарта Кемелевича Токаева Правительству поручено до 31 марта текущего года принять Концепцию развития сельских территорий Республики Казахстан на 2023 – 2027 годы, которая будет являться основополагающим документом по повышению эффективности подходов к устойчивому развитию сельских территорий, улучшению качества жизни и созданию комфортной среды проживания в сельской местности, достижению приоритетов и целей в регулировании рынка сельхозпродукции, формированию аграрных форм кооперации и другим направлениям.

Каждый пункт концепции должен быть в достаточной мере обеспечен финансированием на реализацию инвестиционных программ развития АПК в регионах, льготным кредитованием через программы субсидирования на решение вопросов обеспечения населения чистой питьевой водой, качественными дорогами, на

модернизацию жилищно-коммунальной инфраструктуры. При этом каждая статья расходов бюджета требует целевого и эффективного исполнения.

Усиление парламентского контроля позволило депутатам Сената выявить ряд проблем, вызывающих обоснованную критику населения, обратить особое внимание на социально-экономическое развитие регионов, изучить вопросы, являющиеся причиной социальной напряженности, требующие тщательного анализа и незамедлительного решения.

Так, из-за отсутствия контроля на местах, неисполнения недобросовестными подрядчиками взятых на себя обязательств в отдельных регионах страны треть проектов по модернизации сел не реализованы.

Отсутствие системности при распределении бюджетных средств на реализацию инфраструктурных проектов привело к тому, что отдаленные сельские населенные пункты остаются практически без доступа к чистой питьевой воде и средствам коммуникации. Более 700 тысяч сельчан не обеспечены централизованным водоснабжением, особенно сложной остается ситуация в Костанайской, Жамбылской, Северо-Казахстанской областях.

Многомиллиардные хищения в ходе строительства дорог республиканского и местного значения привели к завышению проектной стоимости и использованию стройматериалов, несоответствующих стандартам. А люди годами ждут дорог!

Высокая доля местных дорог в неудовлетворительном состоянии отмечается в Западно-Казахстанской, Актюбинской, Атырауской областях.

Очень остро стоит проблема безработицы. Высокий уровень отмечается в Мангистауской, Туркестанской, Жамбылской областях, а также в городах Алматы и Шымкенте.

Ежегодно увеличиваются расходы на выплату АСП гражданам, попавшим в сложную жизненную ситуацию, не имеющим постоянного источника дохода. При этом фиктивное трудоустройство безработных граждан в рамках государственных программ «Дорожная карта занятости», «Развитие продуктивной занятости и массового предпринимательства» привело к коррупционным преступлениям, нецелевому использованию бюджетных средств, необоснованным тратам на обучение не востребованных на рынке специалистов.

Вызывает особую обеспокоенность изменение системы субсидирования АПК. С учетом обоснованных требований сельхозтоваропроизводителей данные изменения должны быть направлены прежде всего на повышение эффективности и результативности государственной поддержки, усиление контроля за выполнением встречных обязательств, максимальное исключение коррупционных рисков и упрощение процедуры получения субсидий за счет цифровизации. При этом на сегодняшний день поступают многочисленные обращения аграриев Павлодарской, Карагандинской, Восточно-Казахстанской, Актюбинской и других областей по поводу того, что новая система ЕГИС для своевременного получения субсидий не работает. Из 5,5 тысячи поданных крестьянами заявок на получение инвестиционных субсидий на субсидирование сельскохозяйственных культур, минеральных удобрений, пестицидов на сумму 24,5 миллиарда тенге одобрено только 1,3 миллиарда тенге, из 26 миллиардов тенге долга по



выплате субсидий выплачено 7 миллиардов, а по ставке вознаграждения – 4 миллиарда тенге, а ведь посевная кампания уже началась.

Альтернативные формы оказания государственной помощи должны быть своевременны и эффективны, что является гарантией продовольственной безопасности страны.

Только за 2022 год и первый квартал 2023 года депутатами Сената Парламента были направлены в Правительство 182 депутатских запроса по решению жизненно важных вопросов, оказывающих влияние на качество жизни населения, в том числе необходимости принятия комплексных мер по дальнейшему развитию сельских территорий.

И сегодня необходимо отметить, что в рамках программы «Ауыл – ел бесігі» в 2023 году по модернизации 863 сельских населенных пунктов будет выделено порядка 55 миллиардов тенге, до 96,5 процента будет доведен доступ к центральному водоснабжению в селах, 47,6 миллиарда тенге будут направлены на масштабирование проекта по повышению доходов сельского населения, что позволит создать 20 тысяч рабочих мест и обеспечить финансирование 19542 проектов. 100 миллиардов тенге будет выделено на льготное финансирование инвестиционных проектов агропромышленного комплекса через социально-предпринимательские кооперации.

Это очень нужные и важные направления, намеченные в рамках уточнения республиканского бюджета на 2023 – 2025 годы. От их своевременного и эффективного исполнения, усиления контроля над расходованием бюджетных средств в целях обеспечения максимального социально-экономического эффекта зависит жизнь наших граждан.

В связи с вышеизложенным, уважаемые депутаты, прошу вас принять данный законопроект. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Президент Жолдауындағы тапсырмалар мен сайлауалды бағдарламасының іс-шараларын қаржылық қамтамасыз ету мақсатында республикалық бюджетте әлеуметтік салаға 298 миллиард теңге қаралып, 40 миллиард теңге «Ауыл денсаулығы» ұлттық жобасын іске асыруға, 28 миллиард теңге мектепке дейінгі білім беру педагогтарының жалақысын, студенттердің степендиясын екі есеге арттыруға жоспарланған.

Әлеуметтік кодекс іс-шараларын іске асыру үшін 52 миллиард теңге көзделіп, әлеуметтік төлемдердің, мүгедектігі бойынша жәрдемақылардың мөлшерін арттыру және жалпы, ерекше қажеттіліктері бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағыттау көзделген.

Дегенмен бюджетті нақтылау нәтижесінде әлеуметтік блок шығыстарының үлес салмағының бюджеттің жалпы шығыстарымен салыстырғанда төмендеуі байқалады. Мәселен, нақтыланған бюджетте әлеуметтік сала шығыстары 8,45 триллион теңгені

немесе 37,5 пайызды құрап отыр, ал 2023 жылға бюджетті бекіткен кезде шығыстар жалпы бюджеттің 38,8 пайызын құраған болатын, ал қазір 1,3 пайызға төмендеуі байқалады. Бұл инфляциялық көрсеткіштерді ескергенің өзінде орын алған.

Сонымен бірге әлеуметтік саланы қаржыландыруда қолдау таппай отырған кейбір мәселелер бар. Мәселен, 2020 жылы медициналық жоғары оқу орындарының білім беру гранттарының құнын арттыру туралы мәселе көтерілген болатын. Бұл Сенатта өткен үкімет сағатының ұсынымында да көрініс тапты. Өкінішке қарай, ол шешімін таппай отыр. Аталған жағдаят еліміздегі медициналық жоғары оқу орындары мен кәсіби білім беретін оқу орындарында жоғары сапалы медициналық мамандарды дайындауға кедергі болып, медицина саласында, оның ішінде өңірлерде біліктілігі жоғары мамандардың жетіспеушілігіне әкелуде. Мәселен, 2023 жылғы 1 қаңтарда медицина қызметкерлерінің тапшылығы, мәселен, дәрігерлер 3 мың 916, орта медициналық қызметкер 3 мың 705 адам, оның ішінде ауылдық жерлерде 984 дәрігер жетіспейді және 601 орта медициналық қызметкер тапшылығын құрап отыр.

Ауыл тұрғындарының медициналық көмекке сұранысын қанағаттандыруға арналған Президент тапсырмасын жүзеге асырамыз деп отырмыз. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасы аясында «Алтын сағат» қағидатын сақтай отырып инфаркт, инсульттің алдын аламыз, телемедицина арқылы сапалы көмек көрсетеміз дейміз. Бірақ ауылдарда маман тапшылығымен бұны қалай жүзеге асырамыз деген сұрақ туындайды.

Сондай-ақ «Білім беру, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту салаларындағы цифрландыру: жай-күйі, қолжетімділігі және қауіпсіздігі» тақырыбына арналған үкімет сағатында қабылданған ұсынымдардың іске асырылуы бойынша комитетте арнайы тыңдау өткізген болатынбыз. Қазір мамандардың айтуынша, қаражат тапшылығынан кітапханаларда, архивтерде, оның ішінде облыс, қала, аудандардағы 223-інде мұра мен мұрағаттарды цифрлық форматқа көшіру жұмыстары өте баяу жүргізілуде.

Осы аудандардағы мемлекеттік мұрағаттардың 97,8 пайызы құжаттардың сақталуын, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және мүмкіндіктері шектеулі азаматтарымызға жағдайлар жасау бөлігінде заңнама талаптарына сай келмейтін ескі ғимараттарда орналасқан. Мұнда 3 мыңнан астам адам, оның 2 мың 400-ден астамы азаматтық қызметшілер.

Сала қызметкерлерінің жалақысын көтеру мәселесі күн тәртібінен түспей тұр. Мәселен, ауылдық жердегі қызметкердің лауазымдық жалақысына 25 пайыз үстемақы төлеу Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарында жүзеге асырылмауда. Қалған өңірлерде жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша төленуде. Яғни, еліміздің әр аумағында үстемақы төлеуде диспропорция бар.

Еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу мен даму кезеңінде үлкен рөл атқаратын, жалпы, саяси, мәдени маңызы бар құжаттар сақталған Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві соңғы 17 жылда жөндеу көрмепті. Бүгінде ғимараттың сыртқы қабырғалар сынып, күмбездің төбесінен су ағуда, су жоғары қабаттағы қоймаларға өтіп «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы, «Архив-2025» кешенді жоспары аясында шет мемлекеттегі архивтерден қазақ елінің тарихына қатысты әкелінген маңызды құжаттар, құнды жәдігерлер мен 50-ден астам еліміздің белгілі тұлғаларының

жеке қорларының бүліну қауіпі төнуде. Архивті жөндеу жұмыстарына бар-жоғы 37 миллион теңге сұралған болатын. Бұл қолдау таппады.

Біз мұндай көзқарасымызбен бұл саланы дамыту былай тұрсын, қолда бар мұраларымыздың өзін сақтай аламыз ба?

Осы ретте Үкіметтен көтерілген мәселелерге назар аударуды, бюджет қаражатының тиімді және мақсатты жұмсалуды қатаң бақылауға алуды сұраймыз.

Жалпы, заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді оны қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Бүгінгі таңда еліміздегі шекаралық өткізу бекеттерінің басым бөлігінің инфрақұрылымы қажетті талаптарға сай емес. Барлық 251 шекаралық бөлімшенің жартысынан астамы бейімделген ғимараттарда орналасқан. Бұл тоқырау кездерінде әкімдіктер тарапынан бөлінген, әбден тозығы жеткен балабақшалар, иелері тастап кеткен үйлер мен ғимараттар.

Кейбір шекара бөлімшелерінде су, электр қуатымен қамтамасыз етуде бірқатар қиындықтар бар және бейімделген ғимараттар шекара қызметінің функционалдық мақсаттарына, тиісті санитариялық-эпидемиологиялық нормаларды сақтауға сәйкес келмейді.

Осыған орай қызметкерлерді жабдықталған жұмыс орынымен және тиісті тұрмыстық жағдайлармен толыққанды қамтамасыз етуге мүмкіндік болмай отыр.

Соңғы жылдары шекаралық бөлімшелердің инфрақұрылымын жақсарту бойынша жүйелі және кезең-кезеңімен жұмыстар жүргізілуде.

Қазақстан Республикасының көлік-логистикалық әлеуетін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы аясында бірқатар өткізу пункттерін қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Сондай-ақ шекаралас облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктері өздерінің мүмкіндіктеріне байланысты шекаралық нысандарды жөндеу, пайдалану, газдандыру, жарықтандыру және сумен жабдықтау жұмыстарын жүргізуде.

Дегенмен стратегиялық құжаттарда көрсетілген шекаралық инфрақұрылымды дамыту шаралары тиісті деңгейде жүргізілмей отыр. Атап айтсақ, «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында 2020 – 2025 жылдар аралығында сегіз бақылау-өткізу пунктін кезең-кезеңімен қайта жаңарту көзделген болса, бүгінгі күні тек Қордай пункті ғана аяқталған, ал қалған нысандар қашан аяқталатыны белгісіз.

Өткен жылы жобалық-сметалық құжаттары дайын жұмыстарды жүргізуге жергілікті атқарушы органдардың бюджеттерінен 38 миллиард теңге бөлінгенмен ол жеткіліксіз болды.

2024 жылы кейбір жобалық-сметалық құжаттардың қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты Ұлттық экономика және Қаржы министрліктеріне қаржыландыру мүмкіндіктерін қарастыру үшін хаттар жолданған болатын. Алайда Қаржы министрлігі бұл Ұлттық экономика министрлігінің құзыретіне жатады, ал Ұлттық экономика

министрлігі «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы аясында бюджеттік өтінімдерді қарауға дайын екендігі туралы жауап берген болатын. Бірақ жергілікті атқарушы органдар тарапынан жіберілген бюджеттік өтінімдер мемлекеттік бағдарламалардың критерийлеріне сәйкес келмеуіне байланысты қолдау таппады.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қаржы министрлігі меншігінде тұрған бақылау-өткізу пункттерін, олардың нысандарын, инженерлік-техникалық желілерін, коммуникациясын пайдалану, күтіп-ұстау, жабдықтау жұмысын және қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі республикамыздың мемлекеттік шекарасында әуе, теңіз, теміржол және автомобиль өткізу пункттерінің инфрақұрылымын қалыптастырады. Ал жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік шекараны қорғауды жүзеге асыратын уәкілетті органдармен бірлесе отырып, үйлестіру кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, шекара қызметі тәркіленген мүлікті одан әрі пайдалану мақсатында иесіз деп танылған мүлікті есепке алуды, сақтауды, бағалауды және одан әрі пайдалану жұмыстарын рәсімдейді.

Мемлекеттік органдар арасында шекаралық өткізу пункттерінің инфрақұрылымын жабдықтау, жөндеу, реттеу және пайдалану функцияларының шашыраңқы болуы, бюджеттік қаражаттың тиімсіз жұмсалыуына, игерілуіне әкеп соғуда.

Қалыптасқан түйткілді мәселелерді шешу үшін мемлекеттік шекаралық саясатты іске асыруда атқарылатын іс-шаралар мен жұмыстарды бір мемлекеттік органда жинақтауды және оның жауапкершілігін қатаңдату жағын қарастыру қажет деп санаймын.

Бұл шекаралық бақылаудың сапасын арттырып, әлеуметтік-экономикалық мәселелердің тез шешілуіне, заңсыз көші-қон мен контрабандаға қарсы тұру жұмыстарының нәтижесін арттыруға қолайлы жағдай туғызады деп ойлаймын.

Құрметті әріптестер, қаралып отырған заңды қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Талқылау аяқталды. Құрметті әріптестер, енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Заң қабылдансын деген Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті отырысқа қатысушылар! Біз бүгін 2023 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау туралы заңды қабылдадық.

Бұл бағытта Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру үшін бюджетке бірқатар түзету енгізіп отырмыз. Соған байланысты қаражат өңірлерді, аграрлық секторды, энергетиканы дамыту, әлеуметтік мәселелерді шешу сияқты басым міндеттерге бағытталады.

Жалпы, республикалық бюджеттің әлеуметтік бағыты айқын.

Осы ретте мемлекеттік шығындардың жартысына жуығы әлеуметтік салаға жұмсалатынын атап өткен жөн.

Соған байланысты ауылдық жерлерде денсаулық сақтауды жаңғыртуға, азаматтарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге және өңірлерде мәдениет және спорт нысандарын салуға баса мән беріледі.

Азаматтарға, оның ішінде мүгедектігі бар адамдарға берілетін әлеуметтік жәрдемақылар да артты.

Соның бәріне нақтыланған бюджетте қосымша 300 миллиард теңге қарастырылды.

Өңірлердің инфрақұрылымын дамыту үшін бұрын бөлінген қаражатқа қосымша 240 миллиард теңге бөлінді. Бұл ең алдымен ауылдық аумақтарды дамыту, елді мекендерді сумен қамтамасыз ету, қала маңын өркендету мәселелерін қамтиды.

Биыл қыста болған апаттар жылу нысандарының әбден тозғанын көрсетті. Сондықтан Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес еліміздің жылу энергетикалық жүйесін салуға және қайта жаңартуға қосымша 144 миллиард теңге бөлінді.

Аграрлық секторды қолдау үшін тағы 233 миллиард теңге қарастырылып отыр. Бұл қаражат агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларға жеңілдікпен несие беру үшін қолданылады.

Ең бастысы Мемлекет басшысының барлық тапсырмасы сапалы және белгіленген мерзімде орындалуға тиіс.

Құрметті әріптестер! Бүгінгі отырыста депутаттар бірқатар маңызды мәселелерді көтерді.

Ең алдымен қазір инфляцияны тежеу үшін қатаң шаралар қабылдау қажет. Барлық негізсіз шығынды азайту аса маңызды. Көрпемізге қарай көсіліп әрекет етуді үйренуге тиіспіз. Бюджет қаражатын тиімсіз пайдаланғаны үшін жауапкершілік қатаң болуы керек. Делдалдардың заңсыз әрекеттері, сыбайлас жемқорлық схемалары тауар мен қызметтің бағасына әсер етеді. Айналып келіп мұның бәрі халықтың қалтасына соғады. Сондықтан ондай заңсыздықтардың жолын кесу қажет.

Келесі мәселе. Инженерлік инфрақұрылым проблемаларын шешу мемлекеттік органдардың алдында тұран негізгі міндеттердің бірі. Бұл ең алдымен жылу және электр энергиясымен қамтамасыз етуге қатысты мәселелер.

Өткен жылдары осы салада тиісті шешімдер әртүрлі себептерге байланысты қабылданбады және қаражат уақытында бөлінбеді. Соның салдарынан апаттар мен төтенше жағдайлар орын алды. Түптеп келгенде тағы да халық зардап шекті. Сондықтан биыл бөлінген қаражат тиімді және уақытылы игеріледі деп сенеміз. Сондай-ақ Үкімет инженерлік желілерді жаңғыртуды қаржыландырудың басқа да тетіктерін енгізеді деп үміттенеміз.

Маңызды міндеттердің тағы бірі – бизнесті қаржыландыру.

Нақты секторды несиелендіруді арттыру керек. Бұл мәселені Сенатта үнемі көтеріп келеміз. Осы ретте тұтынушылық несиелердің тез өсуі алаңдатпай қоймайды. Сондықтан бұл мәселені де назарда ұстаған абзал. Алдағы уақытта осы бағытта жүйелі саясат іске асырылады деп сенеміз.

Құрметті әріптестер! Сенат отырысына қатысып, мазмұнды баяндама жасап, сенаторлардың сұрақтарына нақты жауап бергендеріңіз үшін Ұлттық Банк Төрағасына, Үкімет басшылығы мен мүшелеріне, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдардың өкілдеріне алғысымызды білдіреміз.

Сенат пен Үкімет алдағы уақытта да бірлесіп, Президент айқындап берген міндеттерді тиімді әрі нәтижелі іске асыра береді деп сенеміз. Бұл бағытта сенаторлар Үкіметке қажетті қолдау көрсетуге дайын.

Алдағы барлық жұмыстарыңызға табыс пен сәттілік тілейміз. Рақмет. Сау болыңыздар.

Сөз Роман Васильевичке беріледі.

СКЛЯР Р.В. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Ең алдымен Үкіметтің атынан бюджетті қарауда қолдау көрсеткендеріңіз үшін алғыс айтамын.

Ұсынылған шаралар ауылдың өмір сүру сапасын жақсартуға, таза су мәселесін шешуге, азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға көмектеседі. Және осының барлығы болашақта экономиканың өсуіне мүмкіндік береді.

Құрметті депутаттар, сіздерге қолдағандарыңыз үшін тағы да рақмет айтқым келеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Роман Васильевич. Рақмет, әріптестер. Жұмыстарыңыз табысты болсын. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі екі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Қазақстан Республикасының әкімшілік реформасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заң жобасын және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік реформасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Екі заң жобасы да әкімшілік реформа мәселелеріне байланысты. Сондықтан бас комитет олар бойынша бір баяндама жасауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Екі заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушы Омарбеков Бауыржан Бакытұлына беріледі.

ОМАРБЕКОВ Б.Б. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Мемлекет басшысы экономиканы түбегейлі реформалау үшін мемлекеттік басқару жүйесіне серпілістің қажеттігін атап, Үкіметтің кейбір құзыреттерін министрліктерге беру туралы міндетін қойды.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, басқару жүйесін орталықсыздандыру тиімді басқару мен дамудың негізгі бөлігі болып табылады.

Мысалы, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы билікті орталықсыздандыру неғұрлым есеп беретін ашық мемлекеттік басқаруға, сыбайлас жемқорлықтың төмендеуіне, сондай-ақ азаматтардың саяси өмірге белсенді қатысуына әкеледі деп пайымдайды.

Осылайша мемлекеттік басқару жүйесі әрі қарай орталықсыздандыруға бағытталған конституциялық заңның және ілеспе заңның жобалары әзірленді.

Заң жобалары өкілеттіктерді ажыратудың мынадай қағидаттарының негізінде дайындалды.

Бірінші – Үкіметтен орталық мемлекеттік органдарға салалардағы мемлекеттік саясатты қалыптастырумен халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру жөнінде.

Екінші – орталық мемлекеттік органдардан жергілікті атқарушы органдарға мемлекеттік саясатты іске асыру жөнінде.

Үшінші – жергілікті атқарушы органдардың облыстық деңгейінен аудандық деңгейге халықтың тіршілік әрекетін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілеттіктерді қайта бөлу бойынша.

Әр заңның жобасына бөлек тоқталайын.

Конституциялық заңның жобасында:

Премьер-Министр Кеңесінің Үкімет Аппаратына трансформациялануына;

мемлекет Туы мен Елтаңбасының эталондарына;

инвестициялық саясат пен мәдениетті, білім беруді және басқа да салаларды дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыру бойынша Үкіметтің құзыретін алып тастауға қатысты өзгерістер енгізіледі.

Екінші заң жобасында 167 заңнамалық актіге, оның ішінде 13 кодекске және 154 заңға түзетулер қарастырылған.

Жалпы, 513 функцияны басқару деңгейлер арасында қайта бөлу көзделген.

Бұл ретте Үкімет деңгейіне орталық мемлекеттік органдарға 487 функция беріледі. Олар әлеуметтік-мәдени сала, қаржы-экономикалық, әкімшілік саяси және өнеркәсіп саласы бойынша.

Орталық мемлекеттік органдардың жергілікті атқарушы органдарына 24 функция беріледі. Олар негізінен әлеуметтік, жастар саясаты, мәдениет, спорт және ауыл шаруашылығы салаларындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға бағытталған өкілеттіктер.

Орталық мемлекеттік органдардың арасында екі функция қайта бөлінеді.

Бұдан басқа Президенттің бюрократиядан арылту жөніндегі тапсырмасын іске асыру мақсатында заң деңгейіндегі 242 функция алып тасталып, мемлекеттік органдардың ережелерінде белгіленетін болады.

Бұл ретте қайталанатын және құқықтық жүктемесі жоқ Үкіметтің 132 функциясы, Парламенттің 3 функциясы алынып тасталады. Мысалы, мемлекеттік органдардың халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру және Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның есептерін бекіту жөніндегі функциялар.

Қорыта келе, заң жобаларын қабылдау мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін қалыптастырудағы кезекті қадам болатынын атап өткен жөн. Бұл белгілі бір саланы дамытуға Үкімет қана емес, орталық мемлекеттік органның нақты басшылығы да жауапты болатын басқарудың оңтайлы және тиімді құрылымын қалыптастыруға әкеледі.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Бүгінгі таңда жаңа әкімшілік реформаның екінші кезеңі шеңберінде жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктерін одан әрі кеңейту бойынша кешенді жұмыс жүргізілуде. Жұмыс топтарында депутаттар

тарапынан берілген қосымша ұсыныс бар, соның барысында да қаралатын болатындығын назарларыңызға жеткіземін.

Рақмет. Баяндама аяқталды.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобалары бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Слово предоставляется депутату Булавкиной Ольге Александровне.

БУЛАВКИНА О.А. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханұлы.

Мои вопросы адресованы первому вице-министру здравоохранения Султангазиеву Тимуру Сламжановичу.

Законопроектом предусмотрены нормы, связанные с объединением финансовых потоков, выделенных на гарантированный объем бесплатной медицинской помощи и медицинское страхование, в единый пул.

Как известно, целью создания системы обязательного медицинского страхования было улучшение качества и доступности медицинских услуг. Однако стоит отметить, что сегодня Фонд медицинского страхования позиционирует себя преимущественно в качестве финансового оператора. Значительного улучшения доступности и качества медицинских услуг граждане не получили, это ясно из большого объема жалоб населения.

Кроме того, так и не произошло запланированного снижения нагрузки на государство за счет введения солидарной ответственности граждан. Так, только за период с 2019 по 2021 годы гарантированный объем бесплатной медицинской помощи увеличился на 39 процентов и достиг 1,4 триллиона тенге, а объем трансфертов республиканского бюджета за льготные категории вырос на 18 процентов и достиг 351 миллиарда тенге. При этом, как мы видим, предлагаемые новеллы законопроекта еще более увеличивают нагрузку на государственный бюджет.

В этой связи прошу ответить на следующие вопросы.

1. Как данные нововведения повлияют на качество и увеличивающиеся объемы медицинских услуг?

2. Каким образом будет обеспечен контроль за целевым и эффективным использованием средств единого пула гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и ОСМС? Спасибо.

ТӨРАҒА. Тимур Сламжанұлы, жауап беріңіз.

СҰЛТАНҒАЗИЕВ Т.С. Уважаемая Ольга Александровна, большое спасибо за вопросы. Эти вопросы очень важные.

Как вы знаете, Глава государства не раз поднимал вопрос об эффективности расходования средств, недофинансировании системы здравоохранения и искусственном разделении бюджета в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и обязательного социального медицинского страхования.



В рамках вносимых изменений в законодательство предполагается объединение двух пакетов ГОБМП и ОСМС в единый пул. Соответственно, данная норма обеспечит преемственное оказание медицинской помощи.

На сегодняшний день искусственное разделение на ОСМС и ГОБМП для каждой медицинской организации, для каждого медицинского работника несет дополнительные административные, временные ресурсы. Например, у Фонда социального медицинского страхования имеются 1400 поставщиков, а фактически более 8000 договоров. Каждая медицинская организация должна разделять каждую медицинскую услугу, выбирать, это в рамках ОСМС или в рамках ГОБМП. То есть это дополнительная нагрузка на медицинских сестер и врачей. Соответственно, объединение в единый пул уменьшит все эти ненужные затраты, ненужное расходование ресурсов.

В части контроля. Контроль осуществляется на разных уровнях. Во-первых, все средства размещаются на счетах Национального Банка, то есть они там прозрачно определяются, во-вторых, распределение средств, то есть закуп медицинских услуг осуществляется с учетом рейтинговой оценки, с учетом положительной или негативной работы самого поставщика медицинских услуг.

Кроме того, есть внутренние механизмы контроля, то есть внутренний аудит Министерства здравоохранения, а также внешний аудит Министерства финансов, Высшей аудиторской палаты и так далее. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жәргенбаев Жанболат Әкебайұлына беріледі.

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Энергетика министрі Ақшолоқов Болат Оралұлына.

Қаралып отырған заң жобасында бірінғай сатып алушы арқылы электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сату тетігін енгізуді көздейтін нормалар көзделген.

Бұл белгілі бір дәрежеде елдің электр энергиясы саласының бірқатар өзекті мәселелеріне жауап болып табылады. Олардың ішінде энергия жүйесіндегі жоспарлы теңгерімсіздіктер, энергия өндіруші ұйымдары тарифтерінің айырмашылығына байланысты тең емес бәсекелестік, электр энергиясы нарығында олигополияны сақтау және тағы басқалары бар. Дегенмен белгілі бір қауіптер де бар.

Сонымен барлық электр энергиясын сатып алушылар үшін бағаны теңестіру баға орташа деңгейден төмен аймақтарда бағаның өсуіне әкеледі. Бұл сайып келгенде азаматтардың әлеуметтік әл-ауқатына теріс әсер етеді.

Ең бастысы 2023 – 2025 жылдары жыл сайын 1,3-1,6 миллиард киловатт-сағатқа жететін электр энергиясының тапшылығы жағдайында бірінғай сатып алушы институтының жұмыс істеуінің тиімділігі бар.

Осыған байланысты электр энергиясын бірінғай сатып алушыны енгізу кезінде жоғарыда көрсетілген және басқа да ықтимал тәуекелдер қалай теңестіріледі? Осыған жауап беруіңізді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Болат Оралұлы, жауап беріңіз.

АҚШОЛАҚОВ Б.О. Рақмет.

Өздеріңізге мәлім, қазіргі уақытта, өкінішке қарай, электр энергиясының тапшылығына тап болдық. Ол жетіспеушілік бір жағынан электр энергияны шығаратын нысандардың сапасына байланысты, екінші жағынан тұтынушылар көлемінің өсуіне байланысты.

Қазір электр энергия тапшылығын екі жолмен жабуға болады.

Оның бір жолы – импорттау. Екінші жолы – электр энергиясын шығаратын нысандарды көбейту және қуаттылығын арттыру. Бірақ бұған біраз уақыт кетеді. Сондықтан осы жағдайда біз бірыңғай сатып алу механизмдерін ұсынып отырмыз.

Сіздер бұның тарифтерге теріс әсері бола ма деген мәселені көтеріп отырсыздар. Алдымен нарықтан пайдасыз делдалдарды алып тастау керек. Өздеріңіз білесіздер, энергиямен жабдықтау ұйымдары бар, олардың саны 500-ден астам, олар лицензия алған. Оның 130-140 компаниясы шынайы жұмыс істейді. Бірақ оның өзі де өте көп. Кейде, мысалы, электр қуатын өндіретін станциялар, энергиямен жабдықтау ұйымдары және өңірлерге желілермен энергия жеткізетін компаниялар бір қолда болуы мүмкін. Ондайды көріп жүрміз. Тұтынушыларға электр энергиясын жеткізетін энергиямен жабдықтау ұйымдарына тек тұрғындар ғана емес, басқа да компаниялар да кіреді. Бірақ бір меншікте болатын энергиямен жабдықтау ұйымдары электр станцияларынан электр қуатын арзан бағаға алатын мүмкіншіліктері бар, соны пайдаланып олар басқа компанияларға жеткізеді.

Осындай пайдасыз делдал болмас үшін бірыңғай сатып алушы барлық станциялардан электр қуатын сатып алып, Қазақстанның барлық тұтынушыларына жеткізеді. Бір тариф болғанымен, бірақ осы заң жобасында бірыңғай сатып алушыға дифференциалдық тарифтерді енгізуге, яғни электр қуатын тұрғындарға бекітілген бағадан төмен сатуға мүмкіншілік беріледі. Заң жобасында осындай өзгерістер бар.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ауыл шаруашылығы министрлігінің өкіліне.

Заң жобасында Ауыл шаруашылығы министрлігінің жайылымдардың оты-суының молдығы және жайылымдық инфрақұрылым объектілерінің жай-күйі туралы деректерді жинауды жүзеге асыру құзыретін жергілікті атқарушы органдарға беру көзделген.

Осыған орай жайылымдық қорды сақтап қалу үшін оны орталықтандырылған есепке алу қалай жүзеге асырылатынын айтып берсеңіз.

Сондай-ақ Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін пайдаланатын бұйымдарды және атрибуттарды мемлекеттік сатып алу бойынша функцияларды республикалық деңгейден жергілікті деңгейге беру қарастырылған.

Осы функцияны қаржыландыру тетіктері қандай болмақ және ол ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу процедурасын ұйымдастыруға қалай әсер етеді? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Тасжүреков Ербол Қуанышұлы, жауап беріңіз.

ТАСЖҮРЕКОВ Е.Қ. Сұрағыңызға рақмет.

Иә, расында да, жайылымдардың оты-суының молдығы туралы бүкіл ақпаратты жергілікті атқарушы органдар жинап, жарты жыл сайын, жыл сайын біздің Жер ресурстарын басқару комитетіне жолдайды. Сондықтан осы заң шеңберінде қарастырылған нормалар тек жергілікті әкімдіктердің функциясын күшейтеді және заңнамалық деңгейде құзыретіне енгізілетін болады.

Жайылымдарды, шалғындықтарды қажетті деңгейде сақтау және ұстау, сондай-ақ оны орталық деңгейде есепке алу мәселесін қолданыстағы Жер кодексіне сәйкес Жер ресурстарын басқару комитеті жүргізіп отыр. Мәселен, жыл сайын Жер ресурстарын басқару комитеті ауыл шаруашылығы жер алқаптарының сапалық сипаттамалары бойынша есебін жасайды, сол есепке сүйене отырып барлық жайылымдар бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Малды жаппай бірдейлендіру мәселесі жөнінде. Жергілікті атқарушы органдар осыған байланысты жыл сайын бүкіл ақпаратты жинап, оны біздің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетіне жолдайтын. Яғни, жергілікті атқарушы органдар айналысатындықтан біз осы мәселені әкімдіктерге беруді ұсынып отырмыз. Оны заң жобасында қарастырдық. Бұл жұмыстың тоқтап қалуына ешқандай қауіп жоқ. Биыл осы жұмысты комитет өзі атқарып, жергілікті органдарға малды бірдейлендіруге арналған құлақ сырғаларын жеткізетін болады. 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап бұл ағымдағы нысаналы трансферттер арқылы, ал 2026 жылдан бастап жалпы сипаттағы трансферттер арқылы беріледі. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Бауыржан Бақытұлы. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің хатшысы Шайдаров Серік Жаманқұлұлына беріледі.

ШАЙДАРОВ С.Ж. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Баяндамашы әкімшілік реформа мәселелері жөніндегі заң жобаларының негізгі новеллаларын атап өтті.

Заң жобалары реттелетін салаларда шешімдер қабылдау кезінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігі мен жеделдігін арттыру арқылы мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді орталықсыздандыруға бағытталған.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік реформасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасының негізгі ережелері Үкіметтің өкілеттіктерін орталық мемлекеттік органдардың деңгейіне беруге қатысты. Атап айтқанда, әлеуметтік, мәдени, білім беру, қаржы, экономикалық, өнеркәсіп және басқалары.

Мемлекеттік аппарат қызметін бюрократиядан арылту шеңберінде ресми сипаттағы функциялар, атап айтқанда, Конституциямен, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен, басқа да заңдармен жүктелген функцияларды орындау жөніндегі өкілеттіктер және басқалары алынып тасталады.

Сондай-ақ заңдар деңгейінде шамадан тыс регламенттелген бірқатар өкілеттіктер, мемлекеттік органдардың ережелерін қоса алғанда, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер деңгейіне, оның ішінде реттелетін салалардағы тиісті үлгілік қағидалар мен тізбелерді бекітуге көшіріледі.

Мемлекеттік басқару жүйесі орталықсыздандырылғаннан кейін салаларды дамыту жөніндегі қызметті Үкімет емес, мемлекеттік органдар дербес жүзеге асыратын болады. Тиісінше саяси қызметшілердің дербес жауапкершілігі артады.

Осылайша орталықсыздандыру мақсатында Үкіметтен орталық мемлекеттік органдарға мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру және реттелетін салаларда нормативтік құқықтық актілерді бекіту жөніндегі өкілеттіктер беріледі.

Орталық мемлекеттік органдардан жергілікті атқарушы органдарға жергілікті жерлерде халықтың тіршілігін қамтамасыз етуге байланысты өкілеттіктер беріледі.

Заң жобасында жергілікті атқарушы органдардың деңгейіне келесі функцияларды беру ұсынылды. Оның ішінде:

халыққа профилактикалық егулер жүргізуді ұйымдастыру;

денсаулық сақтау саласында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бойынша мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету;

тапсырыс берушілерге ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жүргізу үшін бұйымдарды және атрибуттарды сақтау және тасымалдау бойынша мемлекеттік сатып алуды жүргізу, қызметтер көрсету;

мәдени, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар афишаларын орналастыру үшін арнайы бөлінген орындардың тізбесін бекіту;

мемлекеттік жастар саясаты бойынша жастар ұйымдарымен өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты жүзеге асыру және басқалары.

Заң жобаларын талқылау шеңберінде Парламент Сенатында мүдделі мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, сондай-ақ сарапшылардың қатысуымен жиырмадан аса жұмыс тобы өткізілді.

Баяндалғанды ескере отырып, Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы 7) тармақшасын басшылыққа ала отырып Сенат отырысының қарауына енгізеді және Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Регламентінің 55-4-тармағы 5) тармақшасына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Қазақстан Республикасының әкімшілік реформасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік реформасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Серік Жаманқұлұлы.  
Енді заң жобаларын талқылауға көшейік.  
Сөз Алдашев Сүйіндік Тасеменұлына беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобалары Мемлекет басшысының 2022 жылғы қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттік басқару ісін қайта жаңғырту жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында әзірленді. Және мемлекеттік органдардың нәтижелілігі мен жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

Ел Президенті бірнеше рет атап өткендей, қолданыстағы заңдар мемлекеттік органдарға толық дербестік бермейді. Сондықтан жаңа әкімшілік реформа шеңберінде норма шығару практикасын жаңғырту жүргізілуде және мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы функцияларды орталықсыздандыру жүзеге асырылуда.

Заң жобасының жүзеге асырылуы мемлекеттік органдарға өздерінің салалық құзыреттері шегінде қажетті іс-әрекеттерді қабылдауға мүмкіндік береді.

Заң жобасының қабылдануымен Үкімет салааралық және ведомствоаралық мәселелерді басқару мен шешуді өзіне бекіте отырып, едәуір артық функциялардан босатылады.

Сонымен қатар салалық саясатты әзірлеу, оларды іске асыру және бақылау орталық мемлекеттік органдардың деңгейіне өтеді.

Заңдар деңгейінде мемлекеттік органдардың негізгі міндеттері мен өкілеттіктері ғана сақталады, қалғандары олардың ережелерінде тіркелетін болады.

Жалпы, қаралып отырған заң жобасы мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыруға және биліктің барлық деңгейлерінде басқаруға мүмкіндік береді және де әкімшілік реформаның бірінші кезеңін іске асыру болып табылады.

Мемлекеттік басқаруды жетілдіру және билік деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді орталықсыздандыру жөніндегі жұмыс одан әрі жалғасын табатын болады.

Құрметті әріптестер, жоғарыда айтылғандардың негізінде аталған заң жобаларын толығымен қолдаймын, сіздерді де қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобалары бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Қазақстан Республикасының әкімшілік реформасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы бірінші оқылымда мақұлданып деген Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Бас комитетке конституциялық заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз Алдашев Сүйіндік Тасеменұлына беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы! Сенат отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Қазақстан Республикасының әкімшілік реформасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасын екінші оқылымда қарау мәселесін енгізуді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Конституциялық заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Енді «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік реформасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданып деген Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз Сүйіндік Тасеменұлына беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы! Сенат отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік реформасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қарау мәселесін енгізуді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер, сағат 14.30-ға дейін үзіліс жарияланады. Жұмысымызды түстен кейін жалғастырамыз. Рақмет.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН KEЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі төрт мәселе Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің жобасын, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық

актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын, «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасын және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексіне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қарау туралы.

Төрт заң жобасы бойынша сөз сенатор Қалтаева Ләззат Молдабекқызына беріледі.

ҚАЛТАЕВА Л.М. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Әлеуметтік кодексті әзірлеу – халықаралық стандарттарға сай келетін әлеуметтік қорғау жүйесін құру жөніндегі мемлекеттік саясаттың стратегиялық маңызды шешімдері мен нәтижелерінің бірі.

Әлеуметтік кодекс әртүрлі заңнамалық актілердің орнына әлеуметтік саясаттың құқықтық негізі болмақ. Оның негізгі басымдықтары халықты жұмыспен қамтуды ынталандыру және азаматтардың әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыру болып табылады.

Жүргізілген реформалардың нәтижесінде халықты әлеуметтік қорғаудың көпдеңгейлі жүйесі құрылады және әлеуметтік қамсыздандыруға жауапкершілік мемлекет, жұмыс беруші және қызметкер арасында бөлінетін болады.

В ходе обсуждения проекта кодекса и сопутствующих к нему законопроектов постоянными комитетами Сената, депутатами и членами рабочей группы было предложено около 500 поправок.

Рабочей группой в составе депутатов Сената, представителей государственных органов, квазигосударственного сектора и НПО было проведено 19 заседаний, результаты которых сведены в сравнительные таблицы по четырем законопроектам в количестве 402 поправок.

Позвольте вкратце обозначить некоторые моменты законопроектов.

Первое – повышение размеров государственных социальных пособий и специальных государственных пособий на 14,5 процента лицам с инвалидностью, по потере кормильца и отдельным категориям лиц, воспитывающим ребенка с инвалидностью, осуществляющим уход за лицом с инвалидностью первой группы, лицам, которым назначены пенсии за особые заслуги, жертвам политических репрессий и лицам, пострадавшим от политических репрессий, имеющим инвалидность.

Второе – предоставление права на получение государственного пособия осужденным лицам, находящимся в учреждениях уголовно-исполнительной системы и осуществляющим уход за осужденным с инвалидностью первой группы. Размер пособия ежемесячно составит 1,61 прожиточного минимума, или 65 тысяч 313 тенге. На сегодня 54 осужденных лица с инвалидностью первой группы находятся в местах лишения свободы.

Третье – обеспечение обязательным социальным и медицинским страхованием индивидуальных помощников, оказывающих услуги лицам с инвалидностью первой группы, имеющим затруднения в передвижении. Данная норма позволит охватить обязательным социальным и медицинским страхованием порядка 30 тысяч

индивидуальных помощников, оказывающих услуги лицам с инвалидностью первой группы.

Четвертое. В целях укрепления связи с исторической родиной этнических казахов (граждан других стран) и для реализации их потенциала в Казахстане введена карта «Ата жолы», выдаваемая бизнес-иммигрантам либо лицам, обладающим востребованными профессиями. Это позволит в ближайшие годы привлечь в страну более 100 этнических казахов из числа успешных предпринимателей и специалистов высокой квалификации.

Дополнительные расходы на все эти цели одобрены Республиканской бюджетной комиссией.

Кроме того, в ходе обсуждения проекта Социального кодекса возникла необходимость внесения следующих изменений и дополнений в части:

уменьшения величины комиссионного вознаграждения Единого накопительного пенсионного фонда с 0,01 процента в месяц от пенсионных активов до 0,008 процента, но не более 0,04-кратного месячного расчетного показателя с одного индивидуального пенсионного счета. Здесь необходимо отметить, что данная норма коснется всех 11,9 миллиона вкладчиков, имеющих пенсионные накопления в ЕНПФ, и положительно скажется на их пенсионных накоплениях;

предоставления получателям пенсионных выплат за выслугу лет права на изъятие пенсионных накоплений в целях улучшения жилищных условий и (или) для оплаты лечения для себя или супруга (супруги) либо близких родственников. Данная мера позволит охватить более 75 тысяч пенсионеров, сумма пенсионных накоплений которых составляет порядка 120,5 миллиарда тенге;

учета трудовой деятельности работников негосударственных средств массовой информации в стаже участия в системе обязательного социального страхования, доходы от которой в 2020 году были исключены из доходов физического лица, подлежащих налогообложению;

изменения срока введения в действие проекта кодекса, который предложено перенести на 1 июля 2023 года, так как увеличение размеров государственных социальных пособий и специальных государственных пособий предусмотрено в бюджете с 1 июля текущего года, и других.

В сопутствующие законопроекты «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам социального обеспечения», «О внесении изменений в некоторые конституционные законы Республики Казахстан» и «О внесении изменений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях» были предложены поправки касательно:

исключения поправок, вносимых в Трудовой кодекс Республики Казахстан, предусматривающих исключение из учетного периода отработанных часов в праздничные и выходные дни, возможность привлечения работника к работе в выходные и праздничные дни, а также в междусменный отдых без его согласия;

перехода от заявительного к выявительному характеру регистрации правонарушений в сфере семейно-бытовых отношений;



исключения примирения с нарушителем в случае неоднократности совершения правонарушений в области семейно-бытовых отношений и ужесточения ответственности за повторное совершение правонарушений в рассматриваемой сфере;

в Уголовно-исполнительный кодекс, Предпринимательский кодекс, законы «О Фонде гарантирования страховых выплат», «О рынке ценных бумаг», «О государственном регулировании, контроле и надзоре финансового рынка и финансовых организаций», «Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня Республики Казахстан», «О науке», «О Национальной гвардии Республики Казахстан» – в части изменения отсылочных норм на законы, которые будут поставлены на утрату в связи с принятием Социального кодекса Республики Казахстан, и других.

Все замечания и предложения сведены в сравнительные таблицы.

Жалпы, Әлеуметтік кодексті қабылдау бірлескен жауапкершіліктің рөлін күшейтуге, әлеуметтік қорғау саласындағы проблемаларды шешуге, әлеуметтік тәуекелдерді басқару жүйесіне алдын алу тәсілді енгізуге ықпал ететін болады.

Әлеуметтік кодексті іске асырудан көмекке мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының өмір сүру сапасын жақсарту, олардың әлеуметтік қорғалу дәрежесін арттыру, сондай-ақ олардың тыныс-тіршілігі мен қоғамға кірігуі үшін тең мүмкіндіктер жасау күтіледі.

Баяндалғанды ескере отырып, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы 7) тармақшасын басшылыққа ала отырып Сенат отырысына қарауға енгізеді және Қазақстан Республикасы Конституциясының 55-бабының 5) тармақшасына, Сенат Регламентінің 55-4-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексін, «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер енгізу туралы» Конституциялық заңын, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты енгізген өзгерістермен, толықтырулармен бірге қабылдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ләззат Молдабекқызы.

Әріптестер, заң жобаларын бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң жобалары бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің жобасы бойынша салыстырма кестені қараймыз.

Кестеге 345 түзету енгізілген. Бас комитет бұл түзетулерді қабылдауды ұсынып отыр. Әріптестер, қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса кодекс жобасы бойынша салыстырма кестеге енгізілген түзетулерді бас комитеттің ұсыныстарымен тұтастай дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Түзетулер қабылданды.

Енді кодекс жобасының қалған баптарын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Кодекс жобасының қалған баптары қабылданды.

Енді кодекс Сенат енгізген өзгерістермен және толықтырулармен қабылданын деген қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Әлеуметтік кодекс Сенат енгізген өзгерістермен және толықтырулармен қабылданды.

Келесі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы бойынша салыстырма кестені қараймыз.

Кестеге 44 түзету енгізілген. Бас комитет бұл түзетулерді қабылдауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң жобасы бойынша салыстырма кестеге енгізілген түзетулерді бас комитеттің ұсыныстарымен тұтастай дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Түзетулер қабылданды.

Енді заң жобасының қалған баптарын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң жобасының қалған баптары қабылданды.

Енді заң Сенат енгізген өзгерістермен және толықтырулармен қабылданын деген қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң Сенат енгізген өзгерістермен және толықтырулармен қабылданды.

Келесі «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер енгізу туралы» Конституциялық заң жобасы бойынша салыстырма кестені қараймыз.

Кестеге екі түзету енгізілген. Бас комитет бұл түзетулерді қабылдауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса конституциялық заң жобасы бойынша салыстырма кестеге енгізілген түзетулерді бас комитеттің ұсыныстарымен тұтастай дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Түзетулер қабылданды.

Енді конституциялық заң жобасының қалған баптарын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Конституциялық заң жобасының қалған баптары қабылданды.

Енді конституциялық заң Сенат енгізген өзгерістермен және толықтырулармен қабылдансын деген қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Конституциялық заң Сенат енгізген өзгерістермен және толықтырулармен қабылданды.

Енді «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне өзгерістер енгізу туралы» Заң жобасы бойынша салыстырма кестені қараймыз.

Кестеге 11 түзету енгізілген. Бас комитет бұл түзетулерді қабылдауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жок.

ТӨРАҒА. Олай болса заң жобасы бойынша салыстырма кестеге енгізілген түзетулерді бас комитеттің ұсыныстарымен тұтастай дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранға шығарыңыздар. Түзетулер қабылданды.

Енді заң жобасының қалған баптарын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранға шығарыңыздар. Заң жобасының қалған баптары қабылданды.

Енді заң Сенат енгізген өзгерістермен және толықтырулармен қабылдансын деген қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранға шығарыңыздар. Заң Сенат енгізген өзгерістермен және толықтырулармен қабылданды. Депутаттар тиісті шешім қабылдады.

Құрметті әріптестер! Мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі әлеуметтік қамсыздандыру екені белгілі.

Біз бүгін осы саладағы жаңа әлеуметтік-құқықтық саясатты қалыптастыруға арналған Әлеуметтік кодексті және оған ілеспе заңдарды қабылдадық.

Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес осы заңдар аясында халықтың әлауқатын арттыруға арналған бірқатар жаңа әлеуметтік тетіктер енгізіледі.

Атап айтқанда, азаматтарды әлеуметтік кепілдіктермен жаңа деңгейде қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін цифрлы отбасы картасы қолданылады.

Заңдар аясында балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау және атаулы әлеуметтік көмек беру тетіктерін жетілдіру көзделген.

Мүгедектігі бар адамдарға көрсетілетін арнаулы қызметтерге қолжетімділікті арттыратын және оларды әлеуметтік тұрғыдан қорғауды күшейтетін нормалар да қамтылды.

Сонымен қатар әлеуметтік сақтандырудың, зейнетақы жүйелерінің және жұмыспен қамтудың жаңа тәсілдері қарастырылды.

Құжатқа Сенат бірқатар маңызды түзету енгізді. Олар туралы әріптестеріміз жан-жақты ақпарат берді.

Жалпы, қабылданған заңдар әлеуметтік маңызы бар проблемаларды шешуге және әділ әлеуметтік саясат қалыптастыруға сомды үлес қосады деп үміттенеміз.

Сондай-ақ осы саладағы азаматтардың құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат енді бірыңғай дереккөзде, яғни Әлеуметтік кодексте болады. Бұл халыққа әлеуметтік заңнама саласындағы құқықтарын тиімді қолдануға оң ықпалын тигізетіні анық.

Алдағы уақытта қабылданған заңдар ел игілігіне қызмет етеді деп сенеміз.

Осы мәселелер бойынша шақырылған Тамара Қасымқызына, әріптестерге рақмет. Үлкен жұмыс жасадыңыздар. Жұмыстарыңыз нәтижелі болсын деп тілейміз.

Сөз Тамара Қасымқызына беріледі.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Жұмыс тобы отырыстарында берілген сындарлы ұсыныстарыңыз үшін, жүйелі жұмыстарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз.

Жалпы, Әлеуметтік кодексте көрсетілген барлық нормаларды уақытылы орындауға міндеттенеміз және соны жүзеге асыруға сіздермен бірге жұмыс істейміз деп сендіргім келеді. Көп рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Тамара Қасымқызы. Жұмыстарыңыз табысты болсын. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Еуразия даму банкінің төленген жарғылық капиталындағы Ресей Федерациясы үлесінің бір бөлігін сатып алу және сату туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасын қарау жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлына беріледі.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Еуразия даму банкінің төленген жарғылық капиталындағы Ресей Федерациясы үлесінің бір бөлігін сатып алу және сату туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылып отыр.

Ағымдағы жылдың 2 наурызындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес Сатып алу және сату туралы келісімге 6 наурызда қол қойылған болатын.

Келісімге сәйкес банктің жарғылық капиталындағы Қазақстанның үлесі 4,3 пайызға ұлғаяды.

Қазақстан Республикасының және басқа акционер елдердің үлестері өскендіктен, тиісінше, Ресей Федерациясының үлесі төмендейтін болады.

Бұл банктің акционерлік құрылымын әртараптандырып, оның қызметінің тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді.

Жалпы, осы өзгеріс банк үшін қаржыландыруға қолжетімділікті қамтамасыз етеді, рейтингтер мен кредиттеудің ағымдағы ставкаларын сақтауға мүмкіндік береді.

Аталған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз Депутат Нұғманов Амангелді Шайхоллаұлына беріледі.

НҰҒМАНОВ А.Ш. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қаржы министріне.

Ұсынылған материалдарға сәйкес Еуразиялық даму банкінің инвестициялық портфелі 2022 жылдың соңында 5 миллиард АҚШ долларын құрады. Оның 2,1 миллиард доллары Қазақстанға тиесілі. Бұған бізге маңызды салаларға – энергетика, көлік, тау-кен өнеркәсіп және тағы басқаларына тартылатын инвестициялар кіреді.

Осылайша Қазақстан Еуразиялық даму банкінің үздіксіз қызметін қолдай отыра, қажеттілікті танытатындығы сөзсіз. Келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының Еуразиялық даму банкі жарғылық капиталының үлесін қайта бөлу шеңберінде 4,3 пайызға, яғни 32,99 пайыздан 37,29 пайызға дейін ұлғаяды. Осыған байланысты екі сұрағым бар.

Бірінші. Жарғылық капиталдағы үлестің ұлғаю салдарынан Еуразиялық даму банкінің Қазақстанға салатын инвестициясының сомасы ұлғая ма?

Екінші. Бұрынғы инвестициялық жобалардан басқа тағы да қандай елімізге маңызды жобалар іске асыру жоспарда бар? Рақмет.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Рақмет.

Құрметті депутаттар! Банктің портфеліндегі Қазақстанның инвестициялық жобалар үлесі жылдан-жылға өсіп келе жатыр. Былтырғы жылдың қорытындысына назар аударсақ, бұл 42 пайыз болған. Біз бұл үлесті биыл 45 пайызға, келесі жылы банктің портфель қоржынының жартысы Қазақстанның үлесінде болу бағытында жұмыс істеп жатырмыз.

Әрине, жаңа портфельдер пулы қалыптасуда. Бұл пулға біз 2,5 миллиард АҚШ доллары болатын жобаларды қосып отырмыз. Бұл әлеуметтік маңызы бар, энергетика саласында, транспорт саласында және басқа да салаларға тиесілі жобалар. Өздеріңіз білесіздер, бізде локомотив парктері ескерген, сол локомотив парктерді жаңартуға және «Бақты – Аягөз» теміржол желісін салу бойынша жақсы ұсыныстар енгізіп отырмыз. Сондай-ақ Алматыдағы қазір көмір жағып отырған жылу электр орталығын газдандырамыз деп үміттеніп отырмыз. Яғни, келешекте жобалардың барлығы жұмыс істеп, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайы көтеріледі деп сендіргім келеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ. Рақмет, Ерұлан Кенжебекұлы. Орыңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің хатшысы Карплюк Сергей Алексеевичке беріледі.

КАРПЛЮК С.А. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы! Құрметті әріптестер! Евразийский банк развития является международной финансовой организацией, учредителями которой являются шесть государств – Российская Федерация, Республика Казахстан, Республика Беларусь, Кыргызская Республика, Республика Армения и Республика Таджикистан. Россия и Казахстан являются мажоритарными акционерами.

Проекты Евразийского банка развития в Казахстане в текущем инвестиционном портфеле банка на конец 2022 года составили 2,2 миллиарда долларов США, или 42 процента от общего объема.

В целом снижение доли Российской Федерации с 65,97 процента до 44,78 процента с увеличением доли Республики Казахстан и других стран-акционеров позволит устранить риски в его проектной деятельности.

По данному законопроекту от постоянных комитетов Сената замечаний и предложений не поступило.

С учетом вышеизложенного Комитет по финансам и бюджету в соответствии с подпунктом 5) статьи 55 Конституции Республики Казахстан, подпунктом 6) пункта 55-4 Регламента Сената рекомендует принять Закон Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Российской Федерации о купле-продаже части доли Российской Федерации в оплаченном уставном капитале Евразийского банка развития».

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо, Сергей Алексеевич.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік. Талқылауға қатысатындар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

Келісімді ратификациялау туралы заң қабылдансын деген Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе «Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасын шегендеу туралы шартты ратификациялау туралы» Заң жобасын қарау жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Василенко Роман Юрьевичке беріледі.

ВАСИЛЕНКО Р.Ю. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Мемлекеттік шекараны халықаралық құқықтық рәсімдеу еліміздің ұлттық қауіпсіздігін нығайтуға ықпал ететін Қазақстанның сыртқы саясатының стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады.

Өзбекстанмен шекараны заңды рәсімдеу процесі 2022 жылғы 22 желтоқсанда екі ел президенттерінің Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасын шегендеу туралы шартқа қол қоюымен аяқталды.

Шекараны шегендеу 2001 және 2002 жылғы Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасы туралы шарттар негізінде жүргізілді.

Шегендеу бойынша келіссөздер процесі 2003 жылы басталды. Шекаралық белгілерді жергілікті жерде орнату бойынша далалық жұмыстар 2004 жылдан 2021 жылға дейін жалғасты. Өткен 19 жыл ішінде Қазақстан-Өзбекстан бірлескен шегендеу комиссиясының 100 отырысы және бірлескен шегендеу жұмыс тобының 34 кездесуі өтті.

Шегендеу жұмыстардың нәтижелері бойынша шекараның ұзындығы 2 мың 356 километрді құрады. Шекара сызығында 1 мың 301 шекаралық белгі орнатылды. Шегендеудің қорытындылары осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын және оған қосымшалар ретінде рәсімделген көлемі 8 мың парақтан асатын құжаттарда көрсетілген.

Шекараны шегендеу мемлекеттік және жергілікті органдарының, шекара маңындағы аудандарда тұратын халықтың мүдделерін, сондай-ақ Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің шекараны ыңғайлы күзетуді ескере отырып жүргізілді.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Заңына сәйкес шарт ратификациялауға жатады. Оның ережелеріне сәйкес ол дипломатиялық арналар арқылы оны ратификациялау туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осыған байланысты сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасын шегендеу туралы шартты ратификациялау туралы» Заң жобасы енгізіледі.

Қазақстанның сыртқы саяси мүдделері тұрғысынан шарттың күшіне енуі:

- 1) Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекара сызығының жергілікті жерде белгіленуін заңды бекітуге;
- 2) екі ел арасындағы мемлекеттік шекараны халықаралық құқықтық рәсімдеу процесін аяқтауға;
- 3) Өзбекстан Республикасымен аумақтық даулардың туындауы үшін ықтимал алғышарттарды жоюға;
- 4) мемлекеттік шекара ауданында қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайтуға;
- 5) екіжақты, өңіраралық және шекара маңындағы өзара іс-қимылды нығайтуға ықпал етеді.

Қазақстанның Қытаймен шығыстағы шекарасы 20 жыл бұрын тиісті халықаралық шарттармен межеленді және шегенделді.

Қырғызстанмен және Түрікменстанмен мемлекеттік шекараны межелеу және шегендеу туралы шарттар да жасалды. Сонымен бірге өткен жылы Түрікменстанмен теңіз мемлекеттік шекарасын межелеу туралы шарт күшіне енді.

Осыған байланысты Өзбекстанмен шекараны шегендеу туралы шарттың күшіне енуімен Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын оңтүстік бағытта заңды рәсімдеу процесінің толық аяқталғанын айтуға болады.

Ресеймен шекараны шегендеуге келетін болсақ, бұл бағыттағы келіссөздер жоспарлы түрде жүргізілуде. Бұл процесс жергілікті жерде шекаралық белгілерді орнату бойынша далалық жұмыстарды, сондай-ақ бүкіл шекара сызығына шегендеудің қорытынды құжаттарын дайындау және келісу бойынша жұмыстарды қамтиды.

Ресеймен шекараның үлкен ұзындығын, оның күрделі рельефі бар учаскелердің болуын, сондай-ақ шегендеу құжаттарды дайындау бойынша жұмыстардың үлкен көлемін ескере отырып, оны шегендеуді аяқтау үшін үш-төрт жыл қажет болады.

Ұсынылған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Бұқтұғұтов Шәкәрім Сабырұлына беріледі.

БҰҚТҰҒҰТОВ Ш.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Сыртқы істер министрінің орынбасары Василенко Роман Юрьевичке.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы» Заңға сәйкес демаркация бұл Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартпен рәсімделген жергілікті жердегі мемлекеттік шекараны айқындау және белгілеу.

Қазақстан мен Өзбекстанның мемлекеттік шекара сызығын шегендеудің қорытындысы бойынша оның жалпы ұзындығы 2 мың 356 километрді құрайды.

В связи с этим, Роман Юрьевич, у меня к Вам два вопроса.

Первый вопрос: не будут ли создаваться неудобства для граждан, живущих на приграничных территориях, после проведения демаркации границы?

Второй вопрос: не возникнут ли какие-либо претензии с их стороны при установлении пограничных знаков? Ведь не секрет, у нас уже были ситуации на приграничных территориях, когда население было не согласно с переносом пограничной линии, так как это создавало проблему для выпаса скота, особенно по их водоюю. Рақмет.

ВАСИЛЕНКО Р.Ю. С точки зрения национальной безопасности обеспечение международно-правового оформления Государственной границы является одним из важнейших приоритетов внешней политики страны, поэтому данная работа постоянно находится в поле зрения Министерства иностранных дел.

Что касается оформления самой границы и демаркации границы с Узбекистаном, то, как и при оформлении и демаркации границ с другими сопредельными государствами, при демаркации границы на местности, которая продолжалась, как было уже сказано, многие годы, были учтены интересы местного населения как с нашей стороны, так и с узбекской стороны, были осуществлены различные мероприятия по проведению линии границы на местности таким образом, чтобы максимально учитывать интересы наших



граждан, не создавать проблем для их жизнедеятельности, например, для выпаса скота и так далее. Как я уже сказал в докладе, все эти соображения были учтены.

При заключении договора о демаркации протяженность границы оказалась чуть-чуть отличающейся от той протяженности, которая была прописана в договоре о делимитации, поскольку потребовалось учитывать и соблюдать определенные условия на местности.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ. Рақмет, Роман Юрьевич. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! 2022 жылғы 22 желтоқсанда Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасын шегендеу туралы шартқа қол қойылды, ол нақтыланған шекара сызығының белгілерін өңірлерде заңды түрде белгіледі.

Бұл оқиға тарихи маңызды, сондай-ақ екі мемлекет арасында өзара сенімін, достастығын одан әрі нығайтады, мемлекетаралық әріптестікпен байланыста берік және ұзақ мерзімді негіз қалайды.

Екі мемлекет шекарасын шегендеу 19 жылға созылды, белгілерді орнату, тиісті құжаттарын рәсімдеу мен келісу бойынша ауқымды жұмыстар атқарылды.

Осы шартта шекара белгілерін орнату, күзету, ауыстыру және күтіп ұстау тәртібі мен іс-шаралары белгіленген. Сондай-ақ мемлекеттік шекара сызығын 10 жылда бір рет тексеріп тұру қарастырылған.

Шекараны шегендеу Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін ескере отырып жүргізілді және еліміздің егемендігін, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Заңның ережелеріне сәйкес шарт ратификациялауға жатады және еліміздің сыртқы саяси мүдделері тұрғысынан екіжақты қатынастарды дамытуға, мемлекетаралық және шекара маңындағы өзара тиімді іс-шараларды нығайтуға ықпал етіп, жаңа серпін береді.

Мемлекеттік шекара сызығының өтуі мен шекаралық белгілердің орналасқан жері шартқа қосымша болып табылатын сипаттамада көрсетілді және картаға түсірілді.

Шарт мерзімсіз болып табылады және денонсациялауға жатпайды.

Құрметті депутаттар! Сенаттың тұрақты комитеттерінен осы заң жобасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Мемлекеттің шебін заңды рәсімдеу мәселесі Қазақстанның сыртқы саясатының басым стратегиялық мәселелерінің бірі болып табылатынын ескере отырып, Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті «Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасын шегендеу туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдауды ұсынады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ғалиасқар Төлендіұлы.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Сатвалдиев Алишер Гапиржановичқа беріледі.

САТВАЛДИЕВ А.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Қазақстан және Өзбекстан елдері арасындағы мемлекеттік шекараны заңды рәсімдеудің аяқталуы шын мәнінде болашақ ұрпақ арасындағы ынтымақтастықтың мызғымас негізін қалаған оқиға болып табылады.

Өзбекстан Республикасы ұзақ жылдар бойы Қазақстанның Орталық Азиядағы басты стратегиялық серіктесі болса, бүгінде сенімді одақтас мемлекетке айналды.

Өткен жылғы желтоқсан айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Өзбекстан Республикасына мемлекеттік сапармен баруы және сапар барысында бауырлас екі ел қарым-қатынасы тарихындағы айтулы оқиға деп бағаланған бірқатар келісімдерге қол қойылуы үлкен маңызға ие болды. Солардың қатарында екіжақты одақтастық қатынастар туралы және Қазақстан-Өзбекстан республикалары арасындағы мемлекеттік шекараларын демаркациялау туралы шарттар бар.

Осы тарихи келісім Қазақстанның оңтүстігінде мемлекеттік шекарасын халықаралық-құқықтық тұрғыда рәсімдеу ісін толығымен аяқтауға жол ашты.

Бұған дейін 2001 жылғы 16 қарашада Астанада қол қойылған Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасы туралы шарт арадағы шекара сызығының жалпы ұзындығының 96 пайызының өтуін айқындап берген болатын.

Сөзсіз, мемлекеттік шекараны құқықтық рәсімдеудің маңызы өте зор және ол Өзбекстанмен өзара тауар айналымын арттыру, инвестиция тарту, өнеркәсіп, энергетика, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика салаларындағы қарым-қатынастарды дамытуға, трансшекаралық өзендердің ресурсін тиімді пайдалануға сеп болады.

Шекараны рәсімдеу мәселелерін түпкілікті шешу болашақта біздің елдеріміз арасында қандай да бір аумақтық келіспеушіліктердің болмауының кепілі болып табылады. Сондай-ақ ғасырлар бойы достық пен тату көршілік қатынастарымызды одан әрі дамытып, бабалар өсиетінің орындалуының айқын көрінісі болмақ.

Өз тарапымнан аталған заң жобасын толық қолдайтынымды білдіремін және әріптестерімді қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

Шартты ратификациялау туралы заң қабылдансын деген Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Қабылданған заң Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы мемлекеттік шекараны шегендеуді көздейді. Заң мемлекеттік шекараны қорғауға, сондай-ақ екі бауырлас елдің стратегиялық серіктестігі мен ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға өз септігін тигізетіні сөзсіз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясында Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының филиалдарын және Қазақстан Республикасында Ресей Федерациясының жоғары білім беретін білім беру ұйымдарының филиалдарын құру және олардың жұмыс істеуі туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім вице-министрі Ерғалиев Қуаныш Асылханұлына беріледі.

ЕРҒАЛИЕВ Қ.А. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Назарларыңызға 2022 жылғы 24 ақпанда Астана қаласында жасалған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының Ресей Федерациясындағы филиалдарын және Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасындағы жоғары білім беру ұйымдарының филиалдарын құру және олардың жұмыс істеуі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын ұсынамыз.

Бұл келісімнің негізгі мақсаты Қазақстан мен Ресей жоғары оқу орындарының филиалдарын құру және жұмыс істеу мәселелерін реттеуге бағытталған.

Келісім аясында Қазақстанда ресейлік жоғары білім беру ұйымдарының филиалдарын ашу кезінде қазақстандық лицензияны алу, филиалдарда оқыту екі елдің мемлекеттік тілдерінде жүргізілу мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар білім беру бағдарламалары шеңберінде филиал орналасқан елдің мемлекеттік тілі мен тарихы міндетті түрде оқытылады деп келісілді.

Мемлекеттік бақылау және аккредиттеу рәсімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Сондай-ақ студенттерге қазақстандық және ресейлік білім алу құжаттарының берілуі көзделген.

Келісімді іске асыру теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқпайды, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен қосымша шығындарды талап етпейді.

Жалпы, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында білім және ғылым саласында көпжылдық тиімді ынтымақтастық орнатылғанын атап өткім келеді.

Жоғары білім саласындағы ынтымақтастықтың аясында былтыр Алматы қаласындағы «МИФИ» ұлттық ядролық зерттеу университеті және Атырау қаласындағы Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университетінің екі филиалы ашылды. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы келісім негізінде тараптар тепе-тең негізінде жоғары оқу орындарының филиалдарын ашуға келісті.

Қазіргі кезде Ресей тарапымен Ресей Федерациясының шекаралас аймақтарында (Омбы, Самара қалаларында) Ресей Федерациясының жоғары оқу орындарының бірінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филиалын ашу мәселесі пысықталуда.

Осы мәселе бойынша Қазақстанның бастамасын іске асыру үшін келісімді ратификациялау қажет.

Қолдауларыңызды сұраймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Жексенбай Бибигүл Нұрғалиқызына беріледі.

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ғылым және жоғары білім вице-министрі Ерғалиев Қуаныш Асылханұлына.

Келісімнің 4-бабына сәйкес филиалдарда оқытылатын кәсіптердің, мамандықтардың және даярлау бағыттарының тізбелерін екі ел арасындағы Білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кіші комиссия айқындайды. Осыған орай сұрағым бар.

Тараптардың білім беру мекемелерінің филиалдарында кәсіптер, мамандықтар мен даярлау бағыттарының тізбесін таңдауда қандай талаптар мен критерийлер қолданылатын болады? Түлектердің қажетті санына және олардың еңбек нарығындағы сұранысы бойынша мониторингті кім жүргізеді?

ЕРҒАЛИЕВ Қ.А. Сұрағыңызға рақмет, құрметті Бибигүл Нұрғалиқызы.

Кәсіптерді, мамандықтарды және даярлау бағыттарының тізбесін кіші комиссия анықтайтын болады. Негізгі критерийлерде еңбек нарығындағы қажеттілік міндетті түрде есептелетін болады. Сондай-ақ еліміздің даму стратегиялары, салалық даму жоспарлары да есепке алынатын болады. Мысалы, қазіргі таңда өзекті болып тұрған атом энергиясы, биомедицина, биоқауіпсіздік, инженерлік бағыттардың барлығы есепке алынатын болады. Әрине, міндетті түрде Мемлекет басшысының тапсырмалары да ескерілетін болады.

Қазіргі таңда дайындықта техникалық және инженерлік бағыттағы мамандықтарға басымдылық берілді, мысалы, МИФИ» ұлттық ядролық зерттеу университеті, Мұнай және газ институты сол саладағы кәсіптерді таңдады.

Түлектердің қажетті санына және еңбек нарығындағы сұранысқа мониторингті міндетті түрде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жасайды. Сонымен қатар салалық министрліктер де өз бағыттары бойынша қажеттілікті анықтап, бізге ақпарат беретін болады.

Түлектердің жұмысқа орналасуы бойынша біз мониторинг жасайтын боламыз. Сонымен қатар филиалдар да осы жұмысты жасайтын болады.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Қуаныш Асылханұлы. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Алтынбек Нухұлына беріледі.

НУХҰЛЫ А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясында Қазақстан

Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының филиалдарын және Қазақстан Республикасында Ресей Федерациясының жоғары білім беретін білім беру ұйымдарының филиалдарын құру және олардың жұмыс істеуі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасы жоғары білім беру сапасын арттыруды қаматасыз ету мақсатындағы маңызды құжат.

Заң жобасының мақсаты жоғары білім беретін білім беру ұйымдарының филиалдарын құру және олардың жұмыс істеуі туралы келісімді ратификациялау болып табылады.

Құрылатын филиалдарда оқыту білім беру бағдарламалары шеңберінде филиал орналасқан елдің мемлекеттік тілі мен тарихы міндетті түрде оқытылады және Қазақстан мен Ресей мемлекеттерінің мемлекеттік тілдерінде жүргізілуі мүмкін.

Мемлекеттік бақылау және аккредиттеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын болады, сондай-ақ білім алушыларға қазақстандық және ресейлік үлгілердегі білім туралы құжаттарды беру көзделеді.

Келісім бес жылға жасалады. Егер тараптар бес жыл ішінде оның қолданысын тоқтату туралы ниет білдірмесе, келісім келесі бес жылдық мерзімдерге автоматты түрде ұзартылады.

Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық немесе құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды және республикалық бюджеттен қосымша қаражат бөлуді талап етпейді.

Аталған заң жобасы жұмыс тобының және комитеттің кеңейтілген отырыстарында жан-жақты талқыланды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен заң жобасы бойынша ескертпелер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Баяндалғанды ескере келе, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 55-бабы 5) тармақшасына және Сенат Регламентінің 55-4-тармағы б) тармақшасына сәйкес «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясында Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының филиалдарын және Қазақстан Республикасында Ресей Федерациясының жоғары білім беру ұйымдарының филиалдарын құру және олардың жұмыс істеуі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Алтынбек Нухұлы.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік. Талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң бойынша шешім қабылдайық.

Келісімді ратификациялау туралы заң қабылданып деген Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранға шығарыңыздар. Заң қабылданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Қазақстан Республикасының әкімшілік реформасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заң жобасын және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік реформасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Шайдаров Серік Жаманқұлұлына беріледі.

ШАЙДАРОВ С.Ж. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Қазақстан Республикасының әкімшілік реформасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік реформасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы заң жобалары мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді орталықсыздандыру жөніндегі жаңа әкімшілік реформаны іске асыруға бағытталған.

Заң жобаларында ұсынылатын нормалармен қатар мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіруге бағытталған бірқатар қосымша нормалар енгізіледі.

Сонымен мына бөлімдегі нормалар ұсынылды:

әкімшілік реформа шеңберінде өкілеттіктерді одан әрі орталықсыздандыру;

отандық өндірушілермен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды жеткізудің ұзақ мерзімді шарттарын ұзарту мүмкіндіктері;

электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сату тетігін енгізу және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығын енгізу;

әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаржылық есеп беруін жүргізу және басқалар.

Сонымен қатар әзірлеушілер ұсынған кейбір нормаларды жұмыс тобы мен бас комитет қолдамағанын атап өткен жөн. Мәселен, иесіз өздігінен төгілетін және авариялық ұңғымаларды жою мен консервациялауды жүзеге асыру жөніндегі функцияларды жергілікті атқарушы органдарға беру ұсынылды. Қазіргі уақытта бұл функция жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға бекітілген. Алайда аталған функцияларды жергілікті деңгейде іске асырудың нақты тетіктері анықталмаған.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты аталған функцияларды жергілікті атқарушы органдарға беру мерзімі ерте деп санаймыз.

Сондай-ақ бас комитет тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне бөлінетін нысаналы жарна қаражатын түрлі қаржы құралдарына инвестициялауға қатысты түзетулерді қолдамады.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне нысаналы жарна қаражатының мемлекет кепілдік берген медициналық қызметтер көлемі үшін төлем түріндегі нысаналы мәні болады.

Егер қаржы құралдары бойынша кірістілік теріс болса, онда бюджет қаражатының жоғалуына әкелетін нақты тәуекелдер болады. Ол өз кезегінде халыққа тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсетудің бұзылуына байланысты әлеуметтік тәуекелдерге әкелуі мүмкін.

Тағы бір айтатын жағдай, соңғы уақытта тиісті ресурстармен қамтамасыз етусіз қосымша функцияларды жергілікті деңгейге беру үрдісі байқалады. Мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктерді қайта бөлу кезінде мұндай тәсілге жол берілмеу керек деп санаймыз.

Баяндалғанды ескере отырып, Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік жөніндегі комитет «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы 7) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Сенат отырысының қарауына енгізеді және Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Регламентінің 55-4 тармағы 7) тармақшасына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Қазақстан Республикасының әкімшілік реформасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік реформасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының жобаларын Сенат енгізген өзгерістермен, толықтырулармен қабылдауды ұсынады.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Серік Жаманқұлұлы.

Әріптестер, заң жобаларын бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң жобалары бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Қазақстан Республикасының әкімшілік реформасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заң жобасы бойынша салыстырма кестені қараймыз.

Кестеге тоғыз түзету енгізілген. Бас комитет бұл түзетулерді қабылдауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса конституциялық заң жобасы бойынша салыстырма кестеге енгізілген түзетулерді бас комитеттің ұсыныстарымен тұтастай дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранға шығарыңыздар. Түзетулер қабылданды.

Енді конституциялық заң жобасының қалған баптарын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранға көрсетіңіздер. Конституциялық заң жобасының қалған баптары қабылданды.

Енді конституциялық заң Сенат енгізген өзгерістермен және толықтырулармен қабылданын деген қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранға шығарыңыздар. Шешім қабылданды. Конституциялық заң Сенат енгізген өзгерістермен және толықтырулармен қабылданды.

Енді «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік реформасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы бойынша салыстырма кестені қараймыз.

Кестеге 149 түзету енгізілген. Бас комитет бұл түзетулерді қабылдауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң жобасы бойынша салыстырма кестеге енгізілген түзетулерді бас комитеттің ұсыныстарымен тұтастай дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранға көрсетіңіздер. Түзетулер қабылданды.

Енді заң жобасының қалған баптарын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранға көрсетіңіздер. Заң жобасының қалған баптары қабылданды.

Енді заң Сенат енгізген өзгерістермен және толықтырулармен қабылданын деген қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранға көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң Сенат енгізген өзгерістермен және толықтырулармен қабылданды.

Құрметті әріптестер, Мемлекет басшысы тиімді әрі жинақы мемлекеттік аппарат құруға қатысты нақты тапсырма берді.

Бұл заңдар Президенттің тапсырмаларын іске асыру үшін қабылданып отыр.

Осы орайда мемлекеттік органдар арасындағы құзыретті ұтымды және нақты бөлу аса маңызды. Сол арқылы орталық және жергілікті атқарушы органдардың шешім қабылдау кезіндегі дербестігі мен жауапкершілігі артады.

Сенат заңдарды қарау барысында қосымша түзетулер енгізді. Олар заңдардың ережелерін жақсартуға және жекелеген салалардағы қоғамдық қатынастардың құқықтық реттелуін жетілдіруге бағытталған.

Жалпы, осы заңдар тиімді, жауапты, ашық және икемді жаңа мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыруға қызмет етеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Орынбасаров Бекбол Тілеумұратұлына беріледі.

ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.



Біздің депутаттық сауалымыз Үкімет басшысына жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Біздің елімізде екі экологиялық аймақ бар, олардың біреуі бұрынғы Семей ядролық полигон аумағы болса, екіншісі Арал өңірінің қазақстандық бөлігі.

Біз көтеріп отырған депутаттық сауалға негіз болған мәселе Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шегіп отырған Маңғыстау облысындағы Бейнеу ауданы халқының жай-күйіне қатысты болмақ.

Арал теңізінің тартылуы Орта Азия мен Қазақстанның үлкен аймақтарында шоғырланған адамдарға, табиғатқа әсер еткен экологиялық, әлеуметтік-экономикалық үлкен апат.

Қазіргі таңда бұрынғы Арал теңізі ауданының тек 10 пайызы, яғни жалпы көлемінің төрттен бірі ғана қалды. Сәйкесінше бұл аймақ гипергалинді тұзды су айдынына айналды.

Теңіздің тартылуы салдарынан аймақтағы климатта құрғақ ыстық кезеңнің қарқындылығы артты.

Бұл мәселе жаһандық деңгейге көшкеннен кейін, 1992 жылы Арал өңірінде тұратын халықтың өмір сүру жағдайын түбірінен өзгерту жөніндегі шұғыл шаралар туралы заң қабылданғаны бәрімізге белгілі.

Аталған заңға сәйкес экологиялық апат аймағына Қызылорда облысындағы Арал және Қазалы аудандары, сонымен қатар Ақтөбе облысындағы Шалқар ауданы аумақтары енген.

Бұл экологиялық апаттың салдары еліміздің оңтүстік, оңтүстік-батысында орналасқан басқа да өңірлердің климатына кері әсерін тигізіп жатқандығы сөзсіз.

Сондықтан Арал теңізі зардабының ұлғайғанын ескеретін болсақ, экологиялық қасірет аймақтарының көлемі де, еліміздегі тек екі аймақпен шектелмеуі тиіс деп пайымдаймыз.

Қазіргі таңда Арал теңізінен 340 километр жерде орналасқан Ақтөбе облысының Шалқар ауданы экологиялық апат аймағына енгізіліп, заңда көрсетілген барлық жеңілдіктерді толығымен пайдаланып отыр. Алайда Шалқар ауданынан 6 километр ғана қашықтықта орналасқан Маңғыстау облысының Бейнеу ауданы белгісіз себептермен экологиялық аймақтардың санатына енгізілмеген. Бұл жерде Бейнеу ауданының екі ауылдық округін айтуға болады. Мысалы, Тұрыш елді мекеніне 266 километр ғана, ал ар жағында орналасқан Ноғайты 291 километр жерде орналасқан.

Бірақ Арал теңізінен шыққан тұзды шаң күнделікті қатты желмен Маңғыстау облысының Бейнеу ауданына және басқа да өңірлердің территориясына тасымалданып жатқанын тәжірибе көрсетіп отыр.

Нәтижесінде Маңғыстау облысы Бейнеу ауданында топырақтық және атмосфералық қуаңшылық жиі орын алып келеді деп айтуға толық негіз бар.

Егер топырақтың тұзды тозаңмен қанығуы, жер асты суларының тұздануы биологиялық құбылыс болса, ал Арал есебінен бұл процесс үдей түспек.

Топырақтағы ылғалдың жеткіліксіз болуы онсыз да өсімдікке кедей аймақтың, өсімдіктердің өсіп-өнуіне кері әсер етіп, мал жайылатын жайылымдардың тапшылығына әкеліп отыр.

Сонымен қатар климаттық өзгерістердің салдарынан Бейнеу ауданы тұрғындарының арасында қан қысымының жоғарылауы, асқазан-ішек аурулары және қан аздығы, әртүрлі онкологиялық, аллергиялық, туберкулез ауруларының патологиялық жоғары деңгейі байқалуда.

Сондай-ақ ана өлімі мен бала шетінеуі кеселінің көрсеткіші де өте жоғары болып тұр.

Әрине, бұл проблемалардың барлығын Арал өңірінің экологиясының салдарынан туындаған үдерістер деп айтуға болмайды.

Бірақ Бейнеу ауданында орын алып жатқан проблемалардың бір факторы ретінде қарастыру қажет деп есептеймін.

Айта кету керек, Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 405-бабына сәйкес төтенше экологиялық жағдай аймағы немесе экологиялық апат аймағы деп жариялау болжанатын аумақты зерделеу мақсатында комиссия құрылады.

Сондай-ақ комиссия құруға өтініштер негізінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және жергілікті өкілді органдардың депутаттары бастамашылық жасауға құқылы делінген.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, сізден келесі мәселелерді:

1) Арал теңізі салдарынан зардап шегіп отырған өңірлерді анықтау, аумақтың экологиялық жай-күйіне талдау жасау мақсатында комиссия құруды;

2) экологиялық салдардың көлемін анықтау мақсатында халықаралық сарапшыларды тарта отырып арнайы мемлекеттік ғылыми-зерттеу жобасын ұйымдастыруды;

3) қолданыстағы заңнамаға Маңғыстау облысының Бейнеу ауданы аумағын экологиялық аймақ санатына қосу мүмкіндігін қарастыруды сұраймыз.

Депутаттық сауалға «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 27-бабына сәйкес толық жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен Сенат депутаттары Б. Орынбасаров, С. Алдашев, С. Мәкежанов, Г. Шиповских, А. Нұғманов, Ә. Нәутиев, Б. Қаниев, С. Өтешев, Ғ. Нұрмұхамбетов, А. Өтеғұлов, С. Лұқпанов».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Өтеғұлов Арман Кәрімұлына беріледі.

ӨТЕҒҰЛОВ А.К. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Асханұлы Смайыловқа жолданады.

«Осы депутаттық сауалға Батыс Қазақстан облысындағы ауыл тұрғындары мен шаруа қожалықтарының алдында туындаған киік санының күрт өсуі мәселесі негіз болып отыр.

1990 жылдан бастап Қазақстанда киік аулауға тиым салынған. Бүгінгі күні Орал өңіріндегі киіктің саны 2022 жылдың қорытындысымен 1 миллион 200 мыңға жетті. Осы 2023 жылы киік саны 2 миллионға жетеді деген болжам бар.

Осы мәселемен он жылдан астам айналысқан Батыс Қазақстан облысы ғалымдарының қорытындысы бойынша Орал өңіріндегі шаруа қожалықтарына және киік популяциясын сақтауға оңтайлы киіктер саны 450-500 мың бастан аспау керек. Бұл дегеніміз 2023 жылы 2 миллион басқа жететін киік саны ғалымдар көрсеткен саннан төрт есе артық.

Киіктер санының өсуі олардың шаруа қожалықтарының егіндіктеріне, шабындық және жайылымдық жерлеріне жайылуы, малға күні қараған ауыл тұрғындарының қысқа қамданып шөп жинай алмауына, егін еккен шаруаларға егінін жинауға және көктемде егіс егуге алған несиелерін өтей алмауына себеп болуда.

Сондай-ақ қалыптасқан жағдайда киік пен үй жануарлары арасындағы аурулардың бір-біріне жұқтыру ықтималдығы да артып отыр. Бұл ретте киіктерге вакциналар егілмегенін ескерсек, түрлі аурулардың малдарға таралу қаупі өте жоғары. Мысалы, 2015 жылы Орталық және Батыс Қазақстан облыстарында киік популяциясының пастереллез ауруына ұшырап, 200 мыңға жуық басқа қысқарғанын білеміз.

Сонымен қатар браконьерлерден тәркіленген киік мүйіздері (дериваттар) мәселесіне де назар аудару қажет деп ойлаймыз. Мысалы, 2017 – 2022 жылдары Батыс Қазақстан облысында киіктің 869 денесі мен 8 мың 262 дана мүйізі тәркіленген және олар заңнамаға сәйкес жойылған (өртелген). Облыс бойынша оларды сақтауға және жоюға жыл сайын жергілікті бюджеттен 50 миллион теңге қаражат бөлінеді. Егер киік дериватының (мүйіздері) көлеңкелі айналымда 1 килограммы 2 мың АҚШ долларына бағаланған десек, өртеп жою шарасының экономикалық тұрғыдағы негізділігі күмән тудырады.

Тағы бір атап өтетін мәселе – талап-арыздардың орындалу көрсеткіші. Осы жылдары облыс бойынша сот шешімімен киік атуға, аулауға қатысты 147 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған, оларға 5 миллиард 700 миллион теңге сомасында талап-арыздар қанағаттандырылған, алайда оның тек 32 миллион 8 мың теңгесі ғана мемлекетке өндірілген (0,57 пайыз).

Аталған мәселелер мемлекет тарапынан реттеуді қажет етеді, яғни жануарлар әлемін сақтау – қоғам және қоршаған орта мүдделерінің үйлесіміне сәйкес болуы тиіс.

Әрине, бұл мәселені шешу кешенді іс-шараларды жүргізуді қажет етеді. Бұл ретте киіктердің табиғи мекендеу ортасында санын оңтайлы деңгейде сақтау және ауыл тұрғындары мен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері мүдделерін ескеру маңызды деп санаймыз.

Осыған байланысты келесі ұсыныстарды қарастыруды сұраймыз:

- 1) киікті қорғауға бағытталған заңнамаларды зерттеп, өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігін саралауды;
- 2) киіктердің популяциясы, жыныстық және жас ерекшеліктері, өлім-жітім көрсеткіші мен көшіп-қону, су ішу аумақтары және жануарлардың тіршілігіне кедергі келтіретін факторларға мониторинг жасап, ғылыми зерттеулер жүргізуді;
- 3) ғылыми зерттеулер негізінде Батыс Қазақстан облысының аумағында киіктерді ғылыми және өндірістік мақсаттарда ортадан шектеулі санын алуды;

4) ішкі және сыртқы нарықта сауда жасау үшін киік мүйіздері мен айналымын бақылауды ұйымдастыра отырып, киіктердің дериваттарын қайта өңдеу зауытын салуды, сондай-ақ тері мен етті өңдеу өндірісі үшін инвесторларды тарту мүмкіндігін қарастыруды;

5) шаруа қожалықтарына егіс алқаптары мен шабындықтарының айналасына қоршаулар салуға арналған қаржыны мемлекет тарапынан субсидиялауды.

Депутаттық сауалды заңда белгіленген мерзімде қарап, нәтижелері туралы жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен Сенат депутаттары А. Өтеғұлов, Е. Әйткенов, С. Арубаев, С. Дүйсенбинов, З. Кузиев, Ә. Нәутиев, Ғ. Нұрмұхамбетов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Әріптестер, регламентті сақтауларыңызды сұраймын.

Сөз депутат Қадырбек Мұрат Болатұлына беріледі.

ҚАДЫРБЕК М.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Әлихан Асханұлы Смайыловқа жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Өзіңізге белгілі, Түркістан облысының демографиялық өсімі жоғары, 2 миллионнан астам халық қоныстанған, оның ішінде 80 пайызы ауылдық жерлерде тұрады.

Елді мекендердің 55 пайызы табиғи газбен, 87 пайызы ауызсумен қамтылған.

112 елді мекенде орталықтандырылған ауызсу жүйесі жоқ.

Құрылысы алдыңғы жылдардан өтпелі жобалардың қаржыландыру мәселесі шешілмей тұр. Жетіспейтін қаржының басым бөлігі Түркістан қаласындағы жобаларға тиесілі.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес ағымдағы жылы Түркістан қаласында Ұлттық құрылтай кеңесін және түркі мемлекеттері ұйымының саммитін өткізу жоспарлануда.

Жоспарланған іс-шараларды жоғары деңгейде өткізу мақсатында барлық инфрақұрылымның үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуді қажет етеді.

Түркістан қаласын түркі елдерінің рухани астанасы ретінде дамыту жұмыстары жалғасуда. Қазіргі таңда Түркістан қаласының негізгі әлеуметтік инфрақұрылымы қалыптасуда. Халық саны 25 мыңға артып, 220 мыңға жетті.

Дегенмен қаланың инфрақұрылымы жергілікті тұрғындар мен қонақтардың жайлы ортада өмір сүруіне толық жауап бермейді.

Осының салдарынан жаңа әкімшілік-іскерлік және мәдени-рухани орталықтарды электрмен жабдықтау, кәріз жүйесімен қамту, көшелерді салу, абаттандыру және әлеуметтік нысандардың құрылысы 2020 – 2021 жылдары басталғанымен, ағымдағы жылы тиісті қаржылар бөлінбеуіне байланысты тоқтап тұр.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының арнайы Жарлығымен жаңадан құрылған Сауран ауданының жаңа әкімшілік-іскерлік орталығында әкімшілік ғимараттар мен инженерлік инфрақұрылым нысандарының құрылысы басталған болатын. Құрылыс жұмыстарын аяқтауға 2023 жылға тиісті қаржы толық қаралмай отыр.

Бірінші кезекте облыс үшін маңызды шараларды іске асыру үшін ағымдағы жылға 51 миллиард теңге қаржы қарастыруды қажет етеді. Бұл мәселе Мемлекет басшысына баяндалып, қолдау тапқан болатын.

Салалық министрліктерге 2023 жылға арналған республикалық бюджеттің нақтылауына тиісті өтінім енгізілді. Дегенмен Республикалық бюджет комиссиясымен аталған бірінші кезектегі жобаларға тек 13 миллиард теңгесі ғана қолдау тапты.

Бұл өз кезегінде нысандардың құрылысын мерзімінде аяқтап тапсыруға және халықты сапалы инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Ұзақ мерзімге созылған құрылыс нысандары құрылыс материалдарының қымбаттауына байланысты бюджетке қосымша жүктеме алып келеді.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Жоғарыдағылардың негізінде облыс үшін маңыздылығы жоғары, бірінші кезектегі жобаларға қажетті қаржылардың толық бөлінуіне ықпал етуіңізді сұраймын.

Құрметпен Сенат депутаты М. Қадырбек». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа депутаттық сауалдар жоқ.

Құрметті депутаттар, Мемлекет басшысының 2023 жылғы 19 қаңтардағы Жарлығымен жетінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі таратылды.

Конституцияға сәйкес Мәжіліс уақытша болмаған кезде Парламенттің конституциялық заңдар мен заңдар қабылдау жөніндегі функциялары Сенатқа жүктеледі. Соған байланысты осы екі айда Сенат 36 заң қабылдады. Олардың тоғызы Парламент депутаттарының бастамашы болуымен әзірленді.

Жалпы, осы аралықта қабылданған заңдар Президенттің тапсырмаларын орындауға және аса маңызды мәселелерді шешуге бағытталған.

Нақты айтқанда, цифрлық активтер нарығындағы, еңбек даулары мен тұрғын үй қатынастары саласындағы қолданыстағы заңнаманы жетілдірдік.

Салық кодексіне енгізілген түзетулер шағын және орта бизнес субъектілерін қосымша қолдауға мүмкіндік берді.

Жерді тиімді пайдалануға құқықтық жағдай жасалды. Бұл саланы одан әрі цифрландыруды көздейтін заңдар қабылданды.

Әскери полицияның қызметін ұйымдастыруға арналған заңнамалық негіз қалыптасты.

Сот жүйесін жетілдіруге, мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыруға арналған заңдар қабылдадық.

Бүгін әлеуметтік қамсыздандыру саласы үшін аса маңызды Әлеуметтік кодекс қабылданды.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатымен республикалық бюджетті де нақтыладық.

Бұл заңдар халықтың әл-ауқатын жақсартуға, еліміздің қаржылық және әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ мемлекеттік құқықтық саясатты жетілдіруге өз үлесін қосатыны сөзсіз.

Жалпы, соңғы екі айда Сенатқа жүктелген міндеттерді абыроймен атқарып, нәтижелі жұмыс істедік деп ойлаймын.

Сондықтан Палата депутаттарына, сондай-ақ Сенат Аппаратына ризашылығымды білдіріп рақмет айтамын.

Құрметті әріптестер! Алдағы жексенбіде, яғни 19 наурызда Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауы өтеді.

Президентіміздің бастамасымен іске асырылып жатқан саяси реформалардың аясында бұл сайлаудың маңызы зор. Елімізде бәсекеге қабілетті, ашық, демократиялық саяси жүйе қалыптастыру жолында осы сайлау жаңа кезеңді бастайды.

Сайланған Мәжіліспен біз жұмысымызды конструктивті түрде ұйымдастырамыз.

Осы ретте баршаңыз 19 наурызда сайлау учаскелеріне барып, өз дауыстарыңызды бересіздер деп ойлаймын.

Құрметті әріптестер, алдымызда Наурыз мейрамы келе жатыр. Баршаңызды жанға шуақ сыйлайтын осы көктем мерекесімен, Ұлыстың ұлы күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Жыл жақсылығымен келсін! Әр шаңыраққа шаттық пен қуаныш әкелсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Ұлыс оң болсын, құрметті әріптестер!

Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ  
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

**МАЗМҰНЫ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**  
**2023 жылғы 16 наурыз**

**Күн тәртібі бойынша**

О повестке дня .....	1
 <b>«2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде</b>	
О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнения в Закон Республики Казахстан «О республиканском бюджете на 2023 – 2025 годы»	
<b>Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушы Б.Б. ОМАРБЕКОВТІҢ баяндамасы</b>	
Доклад исполняющего обязанности Министра национальной экономики Республики Казахстан ОМАРБЕКОВА Б.Б. ....	1
<b>Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Е.К. ЖАМАУБАЕВТЫҢ баяндамасы</b>	
Доклад заместителя Премьер-Министра – Министра финансов Республики Казахстан ЖАМАУБАЕВА Е.К. ....	3
<b>Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк Төрағасы Г.О. ПИРМАТОВТЫҢ баяндамасы</b>	
Доклад Председателя Национального Банка Республики Казахстан ПИРМАТОВА Г.О. ....	4
<b>Сөз сөйлегендер:</b>	
Выступили:	
ӨТЕШОВ С.Б. ....	6
КУЗИЕВ З.П. ....	7
ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі, Министр сельского хозяйства Республики Казахстан .....	8
ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. ....	8
АРУБАЕВ С.Қ. ....	11
СҮЛЕЙМЕНОВА З.Б. – Қазақстан Республикасының экология және табиғи ресурстар министрі, Министр экологии и природных ресурсов Республики Казахстан ...	12
БҰҚТҰҒҰТОВ Ш.С. ....	12
ЭНГЕЛЬ Ю.Ф. – Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының мүшесі, член Высшей аудиторской палаты Республики Казахстан .....	13
НҰРМҰХАМБЕТОВ Ғ.Т. ....	14

СКЛЯР Р.В. – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, Первый заместитель Премьер-Министра Республики Казахстан .....	15
КАРПЛЮК С.А. ....	16
ЛҰҚПАНОВ С.Е. ....	19
ҚАРАБАЕВ М.К. – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі, Министр индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан .....	19
БЕКЕНОВ Н.Ж. ....	20
ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы, председатель Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка .....	22
ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. ....	24
ҒИНИЯТ А.Ғ. – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі, Министр здравоохранения Республики Казахстан .....	24
ӘЙТКЕНОВ Е.Н. ....	25
ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. ....	25
ЕРШОВ С.М. ....	26

**Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы С.А. МӘКЕЖАНОВТЫҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад председателя Комитета по финансам и бюджету МАКЕЖАНОВА С.А. ....	27
---	----

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

НӘУТИЕВ Ә.И. ....	30
БУЛАВКИНА О.А. ....	31
ҚАПБАРОВА А.Ж. ....	33
САРЫБАЕВ Ғ.Т. ....	35
СКЛЯР Р.В. ....	38

**«Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Қазақстан Республикасының әкімшілік реформасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)**

О проекте Конституционного закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые конституционные законы Республики Казахстан по вопросам административной реформы» (первое чтение)

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік реформасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)**



О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам административной реформы» (первое чтение)

**Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушы Б.Б. ОМАРБЕКОВТІҢ баяндамасы**

Доклад исполняющего обязанности Министра национальной экономики Республики Казахстан ОМАРБЕКОВА Б.Б. .... 38

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

БУЛАВКИНА О.А. .... 40

СҰЛТАНҒАЗИЕВ Т.С. – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі, первый вице-министр здравоохранения Республики Казахстан..... 40

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. .... 41

АҚШОЛАҚОВ Б.О. – Қазақстан Республикасының Энергетика министрі, Министр энергетики Республики Казахстан..... 42

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. .... 42

ТАСЖҮРЕКОВ Е.Қ. – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі, вице-министр сельского хозяйства Республики Казахстан ..... 43

**Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің хатшысы С.Ж. ШАЙДАРОВТЫҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад секретаря Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству ШАЙДАРОВА С.Ж. .... 43

**Сөз сөйлеген:**

Выступил:

АЛДАШЕВ С.Т. .... 45

**Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің жобасы жөнінде (екінші оқылым)**

О проекте Социального кодекса Республики Казахстан (второе чтение)

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)**

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам социального обеспечения» (второе чтение)

**«Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)**

О проекте Конституционного закона Республики Казахстан «О внесении изменений в некоторые конституционные законы Республики Казахстан» (второе чтение)

**«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексіне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)**

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях» (второе чтение)

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі  
Л.М. ҚАЛТАЕВАНЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке  
КАЛТАЕВОЙ Л.М. .... 47

**Сөз сөйлеген:**

Выступила:

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі, Министр труда и социальной защиты населения Республики Казахстан ..... 52

**«Еуразия даму банкінің төленген жарғылық капиталындағы Ресей Федерациясы үлесінің бір бөлігін сатып алу және сату туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде**

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Российской Федерации о купле-продаже части доли Российской Федерации в оплаченном уставном капитале Евразийского банка развития»

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Е.К. ЖАМАУБАЕВТЫҢ баяндамасы**

Доклад заместителя Премьер-Министра – Министра финансов Республики Казахстан ЖАМАУБАЕВА Е.К. .... 52

**Сөз сөйлеген:**

Выступил:

НҮҒМАНОВ А.Ш. .... 53

**Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі С.А. КАРПЛЮКТИҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад члена Комитета по финансам и бюджету КАРПЛЮКА С.А. .... 54

**«Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасын шегендеу туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде**

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Договора между Республикой Казахстан и Республикой Узбекистан о демаркации казахстанско-узбекской государственной границы»

**Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің орынбасары  
Р.Ю. ВАСИЛЕНКОНЫҢ баяндамасы**

Доклад заместителя Министра иностранных дел Республики Казахстан  
ВАСИЛЕНКО Р.Ю. .... 54

**Сөз сөйлеген:**

Выступил:

БҰҚТҰҒҰТОВ Ш.С. .... 56

**Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің  
хатшысы Г.Т. САРЫБАЕВТЫҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад секретаря Комитета по международным отношениям, обороне и  
безопасности САРЫБАЕВА Г.Т. .... 57

**Сөз сөйлеген:**

Выступил:

САТВАЛДИЕВ А.Г. .... 58

**«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі  
арасындағы Ресей Федерациясында Қазақстан Республикасының жоғары және  
жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының филиалдарын және  
Қазақстан Республикасында Ресей Федерациясының жоғары білім беретін білім беру  
ұйымдарының филиалдарын құру және олардың жұмыс істеуі туралы келісімді  
ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде**

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между  
Правительством Республики Казахстан и Правительством Российской Федерации о  
создании и функционировании филиалов организаций высшего и послевузовского  
образования Республики Казахстан в Российской Федерации и филиалов образовательных  
организаций высшего образования Российской Федерации в Республике Казахстан»

**Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министрі  
Қ.А. ЕРҒАЛИЕВТИҢ баяндамасы**

Доклад вице-министра науки и высшего образования Республики Казахстан  
ЕРҒАЛИЕВА К.А. .... 59

**Сөз сөйлеген:**

Выступила:

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. .... 60

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі  
А. НУХУЛЫНЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке  
НУХУЛЫ А. .... 60

**«Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Қазақстан  
Республикасының әкімшілік реформасы мәселелері бойынша өзгерістер мен**

**толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)**

О проекте Конституционного закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые конституционные законы Республики Казахстан по вопросам административной реформы» (второе чтение)

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік реформасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)**

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам административной реформы» (второе чтение)

**Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің хатшысы С.Ж. ШАЙДАРОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад секретаря Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству ШАЙДАРОВА С.Ж. .... 62

**Депутат Б.Т. ОРЫНБАСАРОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ОРЫНБАСАРОВА Б.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 64

**Депутат А.К. ӨТЕҒҰЛОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата УТЕҒУЛОВА А.К. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 66

**Депутат М.Б. ҚАДЫРБЕКТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата КАДЫРБЕКА М.Б. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 68

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директорының міндетін атқарушы



Н. Уразбаев

Стенографиялау қызметінің басшысы



Г. Молдашева